



ТАБИҒИ ӨСІМ АУЫЛДА ЕМЕС, ҚАЛАДА КӨП

3



ЖАСТАРҒА ЖЕҒІЛДІКТЕР ЖАСАЛАДЫ

Алматыда Jas Almaty
акциясы іске
қосылады

8



КЕНЕН НЕГЕ КЕЙІДІ?

Алашқа аты мәшһүр
Кенен Әзірбаев
тағылымы

10

АЛАТАУ МЕН НАУРЫЗБАЙ АУМАҒЫ

Алматының шетіндегі 215 көше жол жөндеу жұмыстарымен қамтылады

Алматыда жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте мегаполис әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Алматыға қосылған аудандарда жаңа жолдар салуға ерекше көңіл бөлінеді. Қала шетіндегі жолдарда асфальтбетон жабыны болмады. Осы аудандарда ең алдымен инженерлік желілердің құрылысы жүргізілуде, соңғы кезең ретінде асфальт төселуде.

Мәселен, ағымдағы жылы Алматыда ұзындығы 200 шақырым болатын 230 көшені орташа жөндеумен қамту жоспарлануда (200 шақырым жолдың 73-і Наурызбай және Алатау аудандарында). 215 көше аудандық маңызы бар көшелер болып табылады. Қаланың шет аймақтарындағы «Алғабас», «Теректі», «Томирис», «Қарасу», «Ақбұлақ», «Зерделі», «Шапағат», «Шұғыла», «Таусамалы», «Қалқаман», «Рахат», «Жас қанат» шағынаудандарына ерекше көңіл бөлінді.

Бекітілген кестеге сәйкес жол жөндеу жұмыстары ағымдағы жылдың қа-



зан айының соңына дейін аяқталуы тиіс. Бүгінде ұзындығы 26 шақырым болатын 38 көшеге асфальтбетон төсеу жұмыстары жүргізілді.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған баспасөз туры барысында Алматы қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев жолдарды орташа жөндеу

және салу жұмыстарының барысы туралы айтып берді.

«Наурызбай ауданы бойынша орташа жөндеу аясында біз 13,8 шақырым жөндеуді керек. 2022 жылы біз 14 шақырым жөндедік, жол құрылысы аясында биыл 6,4 шақырым салуды жоспарлап отырмыз. Өткен жылы біз 9,5 шақырым жол салдық», – деп атап өтті С.Телібаев.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №96 (6389) 12 тамыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ҚАЗАҚ МҰНАЙЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

Бізге зиянын тигізер мәселе бар...



Биылдың соңына дейін Украина өзінің заңды аумағы – Қырым түбегін қайтарып алуға бар күшін салмақ, Ресей де қарап қалмасы анық. Бұл дегеніміз – Қара теңіз акваториясының Украина (Қырым) мен Ресей жағалауы (Краснодар өлкесі) кемелер мен танкерлер үшін біршама уақытқа жабылуы мүмкін. Қазақстан өз мұнайын Қырымға тиіп тұрған Новороссийск портына құбырмен алып келіп, ары қарай Қара теңізбен келетін танкерлерге құйып, Жерорта теңізінің жағалауындағы Италия мен Франция порттарына жіберетін. Текетірес болып жатқан аймаққа танкер бармасы белгілі. Біз тек бір нәрсені білмейміз. Қара теңіздегі әскери кемелердің қатысуымен өтетін белсенді қақтығыс фазасы қашан басталады және қашан аяқталады?

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.08.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20, кей уақытта 25 м/с

13.08.2023

Түнде:



+15+17 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+23+25 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с

www.almaty-akshamy.kz



4



САРАПТАМА

АҚШ–ҚЫТАЙ: МИКРОЧИП СОҒЫСЫ

технология бәсекесі қыза түсті

Адамзат бұдан мыңдаған жылдар бұрын тасқа жазу жазатын, сурет салатын. Белгілі мәнде қазір де сөйтеді, тек оның технологиясы жаңарған. Бітік тастар, қыш кітаптар өз дәуіріндегі информация алмасуды жүзеге асырды. Бір кезеңде бұл үрдісті тері, мата және қағаз материалдарымен ауыстырдық. Ал технология дамыған бүгінгі таңда біз «тасқа жазу жазуға» қайта оралдық. Қазір мұны микрочиптер арқылы жүзеге асырамыз. Галий мен германий секілді «тастардан» жасалатын микрочиптерге мыңдаған терабайт информация сақталады. Сурет пен кескіндер, бағдарламалардың алгоритмі мыңдаған есе кішірейтілген «бітік тастарға» жазылып, сақталады, жөнелтіледі. Өмір мен тұрмыстағы технологиялық құрылғылардың бәрі дерлік микрочиптерден қол үзе алмайды. Есесіне, технология бәсекесінде микрочиптер үшін соғыс қызу жүріп жатыр.

АҚШ-ТЫҢ СОҚҚЫСЫ

Микрочип соғысының белсенді қарсы тараптары – АҚШ пен Қытай. Олар осы аптада жауаптасқан соққы жасады. АҚШ Қытай үшін аса маңызды технологияның үш түріне инвестиция салуға тыйым салды. Бұл Бейжіңнің шымбайына батты. Қытай Сыртқы істер министрлігі 10 тамыз күні бұған қарсы жауап берді. «АҚШ-тың көзқарасы – Қытайды даму құқығынан айыру және өзінің гегемониясы мен жеке мүддесін қорғау. Бұл жалаң экономикалық мәжбүрлеу және технологиялық қорлау», делінген Қытай тарабының жауабында. Бұған қоса, Бейжің Вашингтонның шешімін «қағаз айыптайтынын, әрі жауапсыз қалмайтынын» жеткізген. Технология соғысында АҚШ бұдан бұрын да пәрменді соққылар жасап келген. Айталық, Қытайдың чип өнімдерін импорттауға шектеу қойған. Бұған Жапония секілді оның кейбір одақтастары да қосылды. Соңында ASML чип өндірісінің негізгі орталығы болған Нидерланд Қытай чип өнімдерінен бас тартты. Бұл дегеніміз, Қытайдың технологиялық өнімдерінің нарығы тарыла түседі дегенді білдіреді. Егер үлкен нарық сұранысы болмаса елдегі саланың дамуы тоқырауға ұшырайды. Себебі, қазіргі Қытайдың технология өнімдері ішкі нарықтың сұранысынан асып кеткен.

ҚЫТАЙДЫҢ АЙЫПТАУЫ


АҚШ-тың соңғы шарасы Қытай үшін ауыр соққы болары анық. Себебі, АҚ үй шығарған бұйрық америкалық фирмаларына жартылай өткізгіштер мен микроэлектроника, кванттық ақпараттық технологиялар және кейбір жасанды интеллект жүйелерінің үш саласындағы қытайлық жоғары технологиялық компанияларға инвестиция салуға ты-

йым салады. Әлемде технология саласындағы көшбасшы компаниялар Құрама Штаттарда көбірек. Вашингтонның шектеуі Қытайдың технология өндірісі, жаңа технологияларды қабылдау мүмкіндігіне үлкен тосқауыл қояды. Бұл шешім бірден қабылданған жоқ. 2020 жылдан бері Қытай тарапы ұдайы наразылық білдіріп, қағаз шектеудің қос тарапқа тигізетін теріс әсерлерін де алға тартып келген.

Ал Қытайдың Сауда министрлігі Вашингтон шешімін еркін нарық принциптеріне қарсы деген сыңайда айыптады. Былайша айтқанда, АҚШ өз компанияларының шетелге инвестиция салуына шектеу қойып отыр деп сынайды. Шынтуайтында, Қытайдың өзі де бұл жағында қағаз шектеулер қоятыны белгілі. Вашингтон америкалық компаниялардың шетелге инвестиция салуын «тәуекелдерді бағалау» көрсеткіштері арқылы тежейді. Яғни тікелей тыйым салмайды, бірақ инвестиция салудың қауіп-қатерін бағалайтын агенттіктер арқылы, солардың бағалау көрсеткіштері арқылы әсер етеді.

ҚОЛЫНДА «ҚАРУ» БАР...

АҚШ шешімі Қытайдың технология өндірісіне кері әсер етеді. Бірақ Қытайдың қолында да АҚШ-қа қарсы қолданатын «қару» бар. Бұл – жартылай өткізгіштерді жасауда пайдаланатын ең негізгі элементтерді шектеу. Яғни жоғарыда атап өткеніміздей, чиптерге және әскери техникаларға көбірек пайдаланылатын галий мен германий сынды элементтерді экспорттауды қысқарту. Қытайдың бұл жағында өзіндік артықшылықтары да бар. Қытай галий мен германийді жеткізу тізбегіндегі ең ірі ел болып табылады. Әлемдегі галийдің 80% және германийдің 60% өндіреді. Табиғатта өз алдына кездеспейтін,



көбінесе табиғи немесе жасанды процестер арқылы ғана айырылып алынатын бұл сирек металдар қазіргі технология соғысының басты көзіріне айналып барады. Дегенмен, бұл тек галий мен германийдегі басымдығы. Жалпы сирек кездесетін металдар қорындағы басымдығы төмендеп келеді. Батыс елдерінде сирек металдардың галий мен германийге балама көздерін тауып шығуға деген талпыныс жоғары деңгейде. Бұл әрине, бір ғана Қытайдың алдын орап кету үшін емес. Технология саласындағы сұраныстың жоғарылауы осыған итермелеп жатыр. Сондықтан да Қытай өз басымдығын сақтап қалу үшін экспортқа белгілі шектеу қойды. Былайша айтқанда, Қытайдан сыртқа экспортталатын чиптер үшін лицензия талап етіпін болды.

ТЕХНОЛОГИЯ СОҒЫСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Технология соғысы бізден тысқары жүріп жатыр. Бірақ бұл мақтанатын нәрсе емес. Егер Тайвань секілді шағын аралда болсаң да, чип өндірісінде әлем үшін маңызды болсаң, әлем сені ескереді, қорғайды. Тайвань Батыс технологиясы дамыған елдермен осы

бағыттағы қарым-қатынасын өзінің саяси мақсаттарына да қолдана алады. Бізден сыртқары жүріп жатқан осы соғыстың бізге әсері болмай қалмайды. Кейде оң әсерлерін де көрдік. Айталық, Тайвань жақ өзінің жартылай өткізгіштерін Қытайға сатуға шектеу қойған тұстарда қазақстандық бизнесмендер бұдан пайда тапты. Тайвань өнімдерін Қазақстанға әкеліп, оны Қытайға жоғары бағамен экспорттады. Алайда, бұл қызу бәсекенің табиғаты ұдайы өзгеріп отыратындықтан, бәрі бірдей теріс әсерлерін де ала келеді. Айталық, көшбасшы елдер арасындағы «қызғаныш» былайғы елдердің жаңа технологияға қол жеткізу мүмкіндігін барған сайын қиындата түседі.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ЭКОНОМИКА

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

Бізге зиянын тигізер мәселе бар...

(Басы 1-бетте)

ТАНКЕРСІЗ ӨМІР ӨМІР МЕ?

2022 жылы Қазақстан 84,2 миллион тонна мұнай өндірді. Оның ішінен 64,3 миллион тонна экспортқа жіберілді. Экспортқа жіберілген мұнайдың 80 пайыздан астамы КТК жүйесі арқылы тасымалданды. Былтыр түрлі саяси ойындардың қырсығынан КТК біршама тұралап қалған болатын. Бірақ соған қарамастан, ол мұнай тасымалы бойынша алдын ала бекітілген жоспарын орындай алды. Сонда біз шамамен 52 миллион тонна мұнайды КТК арқылы жібердік. 8,4 миллион тонна мұнайды Атырау–Самара құбыры арқылы Балтық жағалауындағы порттарға экспорттадық. 1,2 миллион тонна мұнай Қытайға алдын ала бекітілген жоспарын орындай алды. Сонда біз шамамен 52 миллион тонна мұнайды КТК арқылы жібердік. 8,4 миллион тонна мұнайды Атырау–Самара құбыры арқылы Балтық жағалауындағы порттарға экспорттадық. 1,2 миллион тонна мұнай Қытайға алдын ала бекітілген жоспарын орындай алды.

Был біз 90,5 миллион тонна мұнай өндіруді жоспарлап отырмыз. Оның 71 миллион тоннасын экспорттаймыз деп бекіндік. Осы жылдың жартысында КТК құбыры ар-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қылы 32,2 миллион тонна мұнай экспортталып үлгерді. КТК басшылығы биылғы жылдың қуаты тек 61 миллион тонна мұнай өткізуге жетеді деп отыр. Шілде мен қыркүйек аралығында тағы 15 миллион тонна мұнай жіберіп үлгерсек және қазанда әскери маневрлар басталса, шамамен 13,8 миллион тонна мұнай бойынша қиналып қалуымыз мүмкін.

ДОЛЛАРМЕН СӨЙЛЕСЕК

2022 жылы мұнай экспортынан 46,8 миллиард доллар келген болатын. Одан біздің Ұлттық қорға салық (КПН, НДПИ, СРП) түрінде 13,8 миллиард доллар аударылды. Қалған 33 миллиард долларды бізде мұнай өндіретін шетелдік алпауыт компаниялар қалталарына басты. 2022 жылғы бағалар ауытқымаса

және біз бір тоннадан 214,6 доллар кіріс алып келгенімізді ескерсек, Қырым түбегіндегі қақтығыстан 3 миллиард доллар жоғалту қаупі бар. Қазақстан 2022 жылы өзінің жалпы саны 2,2 миллионға жуық барлық зейнеткерлеріне зейнетақы төлеуге 6,3 миллиард доллар жұмсаған. Соның тең жартысына парапар қаржыға тықыр таянды.

КЕДЕЙДІҢ КЕРБЕЗІНЕН САҚТА

Кезінде 1998 жылы Баку–Тбилиси–Жейхан құбырының құрылысы бойынша ғасыр келісіміне қол қойылған болатын. Келісім бойынша біздің мемлекет құрылтайшылар қатарына кіріп, жобаға қаржы салуы тиіс еді. Және осы құбырды толтыру үшін мұнайын экспорттау керек болды. Бірақ артынан біздің ел басшылығы Ресейдің сөзіне еріп, уәдесінен тайқып кетті.

«Біз Баку–Тбилиси–Жейхан емес, КТК құбырының қуатын арттырамыз» деп, 5,4 миллиард долларды Новороссийскіге салдық. Сол кезде, марқұм Гейдар Алиевтің қаты ренжігені бар. Артынан, 2010–2013 жылдар аралығында Баку–Тбилиси–Жейхан құбырының

операторы «мұнайды біз арқылы экспорттаңдар» деп біршама қолқа салып жүрді. Біз сол кезде, өз бақытымызды басқа тепкен едік. Бізден күдер үзгеннен кейін, олар Шах-Теніз кенішін игеріп, сол мұнаймен-ақ құбырларын толтырып алды.

Ал енді, Ресей санкцияға ұшырағаннан кейін, кезінде менсінбей қойған Баку–Тбилиси–Жейханға басымыз салбырап бардық. Олар жағдайды түсініп, жылына 1,5 миллион тонна мұнай экспортына орын беріп отыр. Қалған орындар бос емес. Кезінде қимылдау керек еді.

КТК жылына 61 миллион тонна, ал БТД 50 миллион тонна мұнай өткізе алады. Қуаттары шамалас. Тек БТД енді Әзербайжанның негізгі экспорттық құбырына айналып отыр. Оны Баку Астанамен бөлісе қоймайтыны анық.

Айбар
ОЛЖАЕВ,
сарапшы.





БАЙЫПТАМА

ТАБИҒИ ӨСІМ АУЫЛДА ЕМЕС, ҚАЛАДА КӨП

2000 жылдан бергі халықтың табиғи өсімін талдадық. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес ауылда емес, қалада халықтың табиғи өсімі жоғары. Бұл жағдай 2005 жылдан бері тіркелуде. 2000 жылдардың басында ауылда бұл көрсеткіш жоғары болатын. Бұған халықтың ауылдан қалаға жаппай көшуі себеп болды. Оның үстіне, былтырдан бастап бәби-бум тоқтады.

СОЛТҮСТІК Өңірлерде өсім төмен

Мемлекет – халқымен қуатты. Сондықтан мемлекет барынша халықтың өсімін ынталандырып отыруы қажет. Мұндағы басты көрсеткіш халықтың табиғи өсімі. Бұл дегеніміз, туу мен өлім сандары арасындағы айырма. Мысалы, 2000 жылы республикада 222 мың сәби дүниеге келсе, 149 мың адам түрлі себептермен қайтыс болған. Сонда халықтың табиғи өсімі 72 мың болған. Ал өткен жылы туу көрсеткіші 403 мың болса, табиғи өсім 270 мың болған.

Жылдар	Туу / табиғи өсім	Жылдар	Туу / табиғи өсім
2000	222 054 / 72276	2012	381 153 / 237742
2003	247 946 / 92669	2015	398 458 / 267647
2008	357 555 / 204677	2020	426 824 / 265491
2009	356 261 / 213378	2021	446 491 / 264088
2010	367 707 / 221680	2022	403 893 / 270370

Өңірлерге келер болсақ, табиғи өсім СҚО, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстарында өте аз. Солтүстік Қазақстан облысында өлім саны туу санынан көп. Ал табиғи өсім бойынша көштің басында Түркістан облысы тұр. Мұнда өткен жылы 48 мыңнан асқан. Бұл жағынан қарар болсақ, өңірлер арасында айтарлықтай диспропорция бар.

Өңірлер	2000 ж.	2003 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
СҚО	-912	-995	- 633	-1932	-366
Қостанай облысы	-805	-173	1075	-984	1471
Павлодар облысы	447	1085	3067	1345	3139
Ақмола облысы	777	480	3986	3383	4390

БӘБИ-БУМ ТОҚТАДЫ

Елімізде 2003 жылдан бері бала туу саны жылдан-жылға өсіп келді. Оған дейін 2000 жылдан бастап 3 жыл бойы 220 мыңнан астам бала дүниеге келген. Ал 2003 жылы 250 мыңға жуық бала туған. Ал 2022 жылы бұл көрсеткіш төмендей бастады.

2014 жылға дейін бәби-бумның бірінші толқыны өтті. Сол жылы бұл көрсеткіш 399 мыңға жетті. Бұл дегеніміз, 2000 жылдардың басындағы көрсеткіштен екі есеге жуық бала көп туған. Одан кейін 2018 жылы тағы бәби-бум тіркелді. Ол 2021 жылға дейін жалғасты. Сол жылы туу көрсеткіші 446 мыңнан асып түсті. Алайда, былтыр 403 мыңға түсіп кетті.

Жылдар	Туғандар саны	Жылдар	Туғандар саны
2000	222 054	2012	381 153
2001	221 487	2013	387 256
2002	227 171	2014	399 309
2003	247 946	2015	398 458
2004	273 028	2016	400 694
2005	278 977	2017	390 262
2006	301 756	2018	397 799
2007	321 963	2019	402 310
2008	357 555	2020	426 824
2009	356 261	2021	446 491
2010	367 707	2022	403 893
2011	372 690		



Бала туу елдің жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткішіне тәуелді. Ресми статистика бойынша 2000–2006 жылдар аралығында Қазақстанның ішкі жалпы өнімі өсіп отырғанын көрсетуде. Сол жылдары туу көрсеткіші жоғары болған. 2007-2008 жылдары ЖІӨ төмендеген. Алайда, жалпы экономикалық жағдай тұрақты болатын. Алайда, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс бізге кері әсер етті. Байқасаңыз, 2008-2009 жылдары туу көрсеткіші баяулаған. Бұл алдыңғы жылдардағы ЖІӨ-нің төмендеуіне байланысты.

Еліміздің өңірлеріндегі бала туу жағынан да ерекшеліктер бар. Соңғы 22 жылда бұл көрсеткіш бойынша Түркістан облысы көш бастап келеді. 2000 жылы облыста 46 мың бала дүниеге келсе, Шымкент қаласы бөлінгенге дейін, яғни 2016 жылы бұл сан 81 мыңға жетті. Ал 2017 жылы жаңа облыста 53 мыңнан астам сәби дүниеге келген. Келесі орында Алматы облысы. Ал үштікке Жамбыл облысы табан тіреді. Алайда, былтыр 2021 жылға қарағанда үш облыста да бұл көрсеткіш төмендеген.

Өңірлер	2000 ж.	2003 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Түркістан облысы	46 316	51 051	61 258	65 059	58 214
Алматы облысы	23 770	26 041	54 355	55 186	34 979
Жамбыл облысы	16 981	18 376	29 171	30 475	26 723

Ең төмен көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі. Мұнда соңғы 22 жылдың ішінде бір жылғы туған сәби саны 10 мыңға жетпеген. Жалпы елдің солтүстік өңірлерінде жағдай мәз емес. Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстарында сәби мүлдем аз туған. Бұл өңірлерде де 2022 жылы аз сәби дүниеге келген.

Өңірлер	2000 ж.	2003 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
СҚО	8018	8277	6879	6489	5879
Қостанай облысы	10 759	11 485	11 671	11 174	10 355
Павлодар облысы	8857	9695	11 771	11 667	10 655
Ақмола облысы	10 075	10 375	12 506	12 856	11 561

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өңірлер арасында алшақтық аспан мен жердей екеніне көзіміз жетеді. Мысалы, бірінші тұрған Түркістан облысы көш соңындағы Солтүстік Қазақстан облысынан 10 есеге жуық басым тұр. Мұндай жағдай біздің ұлттық қауіпсіздігімізге айтарлықтай қауіп төндіреді.

Ұлттық бюро статистикалық мәліметтерді қала мен ауыл бойынша да бөліп көрсеткен. Бір қызығы, ауылға қарағанда қалалық жерлерде сәби көбірек дүниеге келеді екен. Ауылдағы туу көрсеткіші 2010 жылдан бері өзгермей келеді. Бұл ауылда демографиялық дағдарыс бар екенінің белгісі. Ал қалада жағдай керісінше. Халықтың санының тым өсуі қала инфрақұрылымына қысым көрсетеді. Өмір сүруге қажетті су, тағам өнімдеріне сұраныс артады. Әсіресе, суы тапшы біздің ел үшін бұл үлкен мәселе.

Жылдар	Туғандар саны Қала / ауыл	Жылдар	Туғандар саны Қала / ауыл
2000	114 505 / 107 549	2012	206 150 / 175 003
2003	138 680 / 109 266	2015	225 808 / 172 650
2008	197 819 / 159 736	2020	249 627 / 177 197
2009	188 999 / 167 262	2021	262 507 / 183 984
2010	192 624 / 175 083	2022	241 459 / 162 434

Республикалық маңызы бар үш қаламыз бар. Қала мен ауыл арасындағы мұндай алшақтықтың басты себебі – урбанизация. 2000 жылдардан бастап ауылдан қалаға халық үдере көше бастады. Әсіресе, Астана, Алматы және Шымкент қалаларына. Бұл қалалардың ішінде туу көрсеткіші бойынша Алматы көш бастап келеді. Өткен жылы қалада 36 мың сәби дүниеге келген.

Рес. маңызы бар қалалар	2000 ж.	2003 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Астана	4 465	6 449	29 565	31 395	30 302
Алматы	14 900	19 607	35 526	37 922	36 110
Шымкент	-	-	31 712	35 367	31 941

АЖЫРАСУ ӘЛІ КӨП

Демографиялық жағдайға ажырасу да кері әсер етуде. Статистикалық мәліметтер тіркелген некенің үштен бір бөлігі ажырасумен аяқталатынын көрсетуде. Әрине, бұл дегені биыл некеге тұрғандар сол жылы ажырасқанын білдірмейді. Десе де, жалпы сан осыны айтуда. Мысалы, 2000 жылы 90 мың неке тіркелсе, керісінше 27 мың ажырасу фактісі белгілі болған. Былтыр да осындай тенденция байқалған.

Көрсеткіштер	2000 ж.	2003 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Некелесу саны	90 873	110 414	128 839	140 256	128 359
Ажырасу саны	27 391	31 717	48 002	48 239	44 517

Өңірлер бойынша ең көп ажырасу Қарағанды және Алматы облыстарында тіркелген. 2022 жылы Қарағандыда 3644, ал Алматы облысында 3112 неке бұзылған. Ал республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жылда ажырасу фактілері көп тіркеледі. Бұл жағынан Алматы алда.

Статистика қалада ажырасу көп тіркеледі дейді. Ал ауылда мұндай жағдай аздау. Алайда, соңғы жылдары бұл да жиілеп барады. Мысалы, 200 (анықтау керек) жылдары ауылда қалаға қарағанда 4-5 есе аз болса, соңғы жылдары 3 есеге азайды.

Ажырасу саны (жылдар)	Қала	Ауыл
2000	22 753	4638
2003	26 451	5266
2021	34 825	13 414
2022	33 229	11 128

Сарапшылар ажырасудың себебі көп дейді. Әр отбасы да әрқалай. Қандай себеп болса да, мемлекет бұған назар аударуы тиіс.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





БӘРЕКЕЛДІ!

ЕРЖҮРЕК АЗАМАТТАР
«Ерлігі үшін» медалімен
марапатталды

Мемлекет басшысының Жарлығымен Алматыдағы «Ақкент» ықшамауданында болған өрт кезінде адам өмірін сақтап қалуға байланысты қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ержүректігі мен жанқиярлығы үшін бір топ азамат марапатталды.

«Ерлігі үшін» медалімен:

- 1) Ахметханов Тілеужан Сапарғалиұлы – «Expo Masters» ЖШС менеджері, Алматы қаласы;
- 2) Гюнай Шюкрю – «Спарк Электромеханик» ЖШС электрігі, Алматы қаласы;
- 3) Исмаилов Эльдар Александрович – «Спарк Электромеханик» ЖШС электромеханигі, Алматы қаласы;
- 4) Йерделен Халил – «GASK Construction» ЖШС автокран операторы, Алматы қаласы;
- 5) Мамедов Кенан Бабаұлы – «Спарк Электромеханик» ЖШС электромеханигі, Алматы қаласы;
- 6) Романов Вадим Анатольевич – «Frank-Asia» ЖК автокран операторы, Алматы қаласы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Абай, Сейфуллин және әл-Фараби даңғылдарындағы орташа жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын

Қаладағы негізгі даңғылдарда көлік қозғалысы бекітілген кестеге сәйкес 31 тамызға қарай аяқталуы керек болған. Алайда, жөндеу жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталады деп жоспарланып отыр.

Абай даңғылында екі мердігер ұйым қатар жұмыс жасап жатыр. Батыс бағытта Достық даңғылынан Розыбакиев көшесіне дейін жөндеу жұмыстары аяқталып, көлік қозғалысы ашылған.

Абай даңғылының Розыбакиев көшесінен Тілендиев көшесіне дейінгі бөлігінде полимерлі асфальтбетон жабынын төсеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты даңғылдың солтүстік жағы толық жабылатын болады. Сонымен, даңғылдың көлік жүретін бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары аяқталады.

Жабық жер телімін айналып өту Сәтбаев, Кіші Абай, Тілендиев, Розыбакиев көшелері мен іргелес көшелер арқылы жүзеге асырылады. Розыбакиев, Тұрғұт Озал, Брусиловский және Тілендиев көшелерінің қиылыстары ашық болады.

Қарасу, Кәрімов және Түркебаев көшелерінің қиылысындағы съездер бойынша жол жүру шектеледі, айналма жол Есенжанов көшесі бойынша ұйымдастырылады.

Сейфуллин даңғылында орташа жөндеу жұмыстары Алматы-1 теміржол вокзалынан Ақан сері көшесіне дейін аяқталған



болатын. Ендігі соңғы бөлік Ақан сері көшесінен Рысқұлов даңғылына дейінгі учаскеде полимерлі асфальтбетон төсеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 11 тамыз сағат 23.00-ден 13 тамыз сағат 07.00-ге дейін даңғылдың бойы толық жабылатын болады.

Жабық учаскені Кассин, Рудаки, Артиллерийская, Жансүгіров және іргелес көшелер арқылы айналып өтуге болады.

Успенский, Ақан сері көшелерінің қиылысында көлік қозғалысы ашық болады.

Әл-Фараби даңғылындағы жолдың оңтүстік жағындағы жол жөндеу жұмыстары толық аяқталды, ал солтүстік жағымен

Достық даңғылынан Гагарин даңғылына дейін асфальтбетон жабыны төселді.

Ауа райы қолайлы болған жағдайда 12 тамыз сағат 23.00-ден 14 тамыз сағат 07.00-ге дейін әл-Фараби даңғылының соңғы Дулати даңғылынан Асқаров көшесіне дейінгі бөлігінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, уақытша көлік қозғалысы шектеледі.

Жөндеу аумағын Торайғыров және Мұстафин көшелерінің бұрылыстары мен айналма жолдары арқылы айналып өтуге болады.

Жол таңбаларын салу жұмыстары Абай және әл-Фараби даңғылдарында басталды. Сейфуллин даңғылында жол таңбалары жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін салынады.

Жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін патрульдік полиция қызметкерлері қамтамасыз етеді. Жол жөндеу жұмыстары жайлы соңғы жаңалықтар қала әкімдігі мен қалалық Мобильділік басқармасының ресми парақшаларында, Алматы жол телеграм арнасында, сонымен қатар, 2ГИС және Яндекс карта қосымшаларында қолжетімді.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыдағы магистральдық көшелерге жол төсемін төсеуде алғаш рет жаңа технологияларды қолданылды. Асфальтбетондардың құрамында полимерлер қолданылады. Мұндай қоспалар тозуға төзімді, жұмсару температурасы жоғары (65–70°C), ыстыққа төтеп беріп, әлдеқайда ұзағырақ қызмет етеді. 8–10 жыл пайдалануға болады.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

АЛАТАУ МЕН НАУРЫЗБАЙ АУМАҒЫ

Алматының шетіндегі 215 көше жол жөндеу жұмыстарымен қамтылады

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, басқарма басшысы «Ақжар» ш/а-да бұрын жол жамылғысы болмаған көшелерде жаңа жолдардың құрылысы жүріп жатқанын, жолдардың жалпы ұзындығы 35,8 шақырым құрайтынын хабарлады.

«Ақжар» шағынауданында инженерлік коммуникацияларды төсеу жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік желілер бойынша жұмыстар аяқталған көшелерде қалалық Мобильділік басқармасы дайындығына қарай жаңа жолдар салу бойынша жұмыстарды бастайтын болады. Биыл 3 шақырым жол салуды жоспарлап отырмыз. Қазір бұл учаскеде дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осы учаскедегі асфальтбетон жабынының құрылысын ескере отырып, ағымдағы жылдың 25-26 қыркүйегіне дейін жұмысты аяқтауды жоспарлануда. Қалған ұзындығы 32,8 шақырым инженерлік желілер бойынша жұмыстар жүргізілуде, олар бізге дайын болған кезде тапсырады, бұл келесі жылға арналған жоспарлар», – деді ол.



Алатау ауданында «Алғабас» және «Текті» ш/а ұзындығы 3,7 шақырым 12 көшеде жол жабынын жөндеу жоспарлануда. Бүгінде ұзындығы 1,7 шақырым 6 көшеде жұмыстар аяқталды, қалған көшелер

ағымдағы жылдың 20 қыркүйегіне дейін жөнделеді.

Сондай-ақ, Сағындық Төлеубаев Алатау ауданы «Алғабас» шағынауданындағы орташа жөндеу барысы туралы айтып берді.

– Алатау ауданындағы Ф.Оңғарсынова көшесінің бойында тротуарларды орналастыру бойынша орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Көшенің шығыс жағында ешқашан тротуар болған емес, биыл біз жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін тротуар орнату жұмысын бастадық, – деді ол.

Алатау ауданы бойынша орташа жөндеу аясында жыл соңына дейін 63 шақырым жолды жөндеу жоспарланғанын хабарлады. Сонымен қатар, жаңа құрылыс аясында 7,7 шақырым жолды қамту жоспарлануда.

Айта кетерлігі, «Қарасу», «Шапағат», «14 территория», «Шұғыла», «Жас қанат» шағынаудандарында орташа жөндеу жұмыстары инженерлік коммуникациялар құрылысы толық аяқталған соң және гидробайланыс актісі ұсынылғаннан кейін жүргізіледі.

Көше-жол желісін орташа жөндеу қала

көшелерін, жол жабынының бүкіл ені бойынша жол құрылыстарын алғаш пайдалануға берген кездегі қалпына келтіруге қатысты жұмыстарды сапалы жүргізу қарастырылған.

Жаңа жолдарды салу кезінде алдымен табиғи қиыршық тас қоспасы, содан соң оның үстіне қиыршық тас қоспасы қайта төселеді. Осыдан кейін асфальтбетон жабыны екі рет төселеді. Біріншісі – ірі түйіршікті қоспа, оның қалыңдығы 6 см, екіншісі – ұсақ түйіршікті қоспа, оның қалыңдығы 5 см.

«Алматы қаласының Алатау мен Наурызбай аудандарына жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Асфальтбетон жабынымен төселіп жатыр. Жыл соңына дейін 30% жұмыскерлерді қамтуды ойластырып отырмыз. Жол саласында істейтін жандар бар күш-жігерін жұмсап, күннің ыстық-суығына қарамай іс қылуда. Жол құрылысына қолданылатын керек-жарақ түгелдей отандық өнім», – деді Алматы қаласы Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Төлібаев.

Бетті дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЦИФРЛАНДЫРУ

«Азаматтарға арналған үкімет
«Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
сұранысқа ие мемлекеттік қызметтерді
цифрландыру бойынша жұмыстарды
жалғастыруда. Пилоттық жоба негізінде,
азаматтарға ыңғайлы болу үшін электрондық
үкімет порталы арқылы артық (қате)
төленген әлеуметтік аударымдарды және
міндетті зейнетақы жарналарының қате
есептелген сомаларын қайтару бойынша
сервисі іске қосылды.

УАҚЫТЫҢЫЗДЫ
ҮНЕМДЕҢІЗ

Қате есептелген ақшаны қайтару
үшін енді онлайн-өтініш бере аласыз



Жаңа жоба қызмет алушылар үшін қате аударылған қаражатты қайтару жолын жеңілдетіп қана қоймай, Мемлекеттік корпорация қызметкерлеріне жүктемені айтарлықтай азайтады. Өтінім беру үшін жұмыс берушіге электрондық үкімет порталындағы деректерді толтыру қажет. Сондай-ақ, төлеушінің деректемелерін және оның төлем тапсырмасының деректерін көрсету қажет. Айта кетейік, қате аударылған әлеуметтік және зейнетақы аударымдарын қайтару, жүктілік және 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша берілетін әлеуметтік төлемдерінің дұрыс есептелуі мен тағайындалуы үшін қажет.

«Бұған дейін жұмыс берушілер Мемлекеттік корпорацияға келіп, ақшалай қаражатты қайтару туралы өтінішті қағаз күйінде тапсыратын. Одан бөлек, өтініштер пошта қызметі арқылы жіберіліп, оларды жеткізу ұзақ уақытты талап ететін. Біз азаматтарға қолайлы болу үшін eGov.kz порталында осы сервисі іске қостық. Енді жұмыс берушілер мен төлеушілер өтінішті онлайн жіберіп, уақытын едәуір үнемдей алады. Сондай-ақ, жаңа сервисінің арқасында қызмет көрсету мерзімі 15 күннен 12 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Сонымен қатар, өтініш берушілер өтінішінің қаралу дәрежесін бақылай алады», – дейді Мемлекеттік корпорацияның басқарма төрағасы орынбасары Асхат Ибраев.

Айта кетейік, бұл сервис ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі арасында бірлесіп жасалған бұйрық нәтижесінде іске асырылды.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ!

АУЛАДА ҚАҢТАРЫЛҒАН КӨЛІК КӨП...

Алматылықтар, тегі, көршілерімен жанжалдасуды жөн көрмейтін тәрізді. Содан да, оғаш қылық пен қисық қыңырлықтың қандайына болса да төзуге әзір. Алайда, Абдуллин мен Әйтеке би көшелерінің қиылысында орналасқан мына үйдің тұрғындары «шыдамның да шегі барын» еске салды-ау, ақыры.



Айнабай
МӘДИ

Дәл осы ескі, біраз тұсын тот басқан, терезесі сынған, дөңгелегі жарылған көлік жалпы тұрғындардың наразылығына сеп болды. «Осы бір ұсқынсыз, аулаға «қамалған» ескі көлік көркімізді бұзып тұр», – дейді тұрғындар. Тұрғындардың ызысын келтірген көлік иесі қайда жүр екен, ә?..

«Көлік қайта өңдеуге алынуы (әгерәки, мұндай қоқысты қаласа) не сатылуы керек қой», – дейді ызаға булыққан тұрғындар.

Жергілікті тұрғындар көлік иесіне қоғамдық орын саналатын ауладағы «сылдырмақты» алып тастауды сұрап, бірнеше рет барған. Алайда, ол бұған жауап ретінде «10 мың долларға коштасуға келіскен темір тұлпарды» сатып алушыны тауып беруді ұсынып, қыңыр жауап берген де қойған.

ӘЛЕУМЕТ

ҚҰЖАТТАУ ТЕРМИНАЛЫ

жеңілдігі бар санаттағы азаматтарға
тегін қызмет көрсетеді

Енді жеңілдігі бар санаттағы тұлғаларға құжаттау терминалы арқылы төлқұжат пен жеке куәлікті алуға өтініш беру тегін болады. Бұл жоба Мемлекеттік корпорация мен ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлесуінің нәтижесінде іске асырылды. Бұрын олар құжаттар алу үшін тек ХҚКО операторы арқылы өтініш беріп, мемлекеттік баж салығын төлемейтін.

Азаматтар құжаттау терминалы арқылы төлқұжат пен жеке куәлікке өтініш бере алады. Сондай-ақ, терминал арқылы қызмет алушылар өзінің сәтті түскен суретін таңдау мүмкіндігі бар. Одан кейін жүйеде мемлекеттік бажды QR коды бойынша төлеуге болады. Жеңілдігі бар азаматтар санатына ақы төлеу үшін QR коды көрсетілмейді.

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫ ТӨЛЕУДЕН
БОСАТЫЛҒАН АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ:

- Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері;
- үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек даңқы, «Алтын Қыран», «Отан» ордендерімен наградталған, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған адамдар;
- «Батыр ана» атағын алған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көпбалалы аналар;
- ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар;
- мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ, мүгедектігі бар баланың ата-анасының бірі;
- қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЫСТЫҚ СУ
БОЛМАЙДЫ

Алматы қаласының Жетісу ауданындағы ғимараттардың бір бөлігі ыстық судан уақытша өшіріледі.

2023 жылғы 14–19 тамыз аралығында Жетісу ауданының аумағында Первомайская мұнай базасы – Геологтар және «Көкжиек» шағынауданы көшелерінің контурында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды.

Шектеулер «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС қазандықтарында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін енгізіледі. Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС.

ПАЦИЕНТ

ЕМХАНАҒА ОНЛАЙН
ДА ЖАЗЫЛУҒА
БОЛАДЫ

Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам болмас, сірә. Әрине, ондай кезде ақ халатты абзал жаннан демеу іздейміз. Қаладағы №11 емхананың жетекшісі Гүлмира Айтбаева жұртшылықты емхана дәрігерінің қабылдауына жазылу тәртібімен таныстырады.

«Маманға жазылмас бұрын жалпы тәжірибе дәрігеріне жазылу керек. Ол үшін үйіңізде отырып-ақ онлайн-режимде тіркеле аласыз. Сонымен қатар, қала тұрғындары емхананың call-орталығына қоңырау шалып, телефон арқылы да жазылуға мүмкіндігі бар. Маманға жалпы тәжірибе дәрігерінен жолдамасы жоқ науқастар шұғыл көмекке мұқтаж болған жағдайда ғана жүгіне алады», – деді Гүлмира Айтбаева.

Мұндай жағдайға шұғыл жарақат, оның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық, шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету кезінде, дерматовенерологиялық бейіндегі ауру кезінде, тіркелген жері бойынша акушер-гинеколог пен психологқа, онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруға күдік болғанда, динамикалық байқау ауруының бейіні бойынша, жастар денсаулық орталығына, бір жағдай шеңберінде бейінді маманға қайта қабылдау кезінде, жылжымалы медициналық кешенге қызмет көрсету кезінде қабылдауға мобильді қосымша немесе сайт арқылы жазылуға болады.

Бүгінде пациенттердің 80 пайыздан астамы онлайн жазылады. Көп жағдайда смартфон көмегімен тіркеледі.

Белгілі бір дәрігердің бейіні бойынша созылмалы ауруы бар және осы дәрігердің диспансерлік тобына кіретін алматылықтар ғана маманға өз бетінше жазыла алады.

«Мысалы, бірінші типті қант диабетімен ауыратын адамдар эндокринологтың диспансерлік тобына кіреді. Мұндай пациенттерде эндокринологқа тиісті белгі қойылады», – дейді Гүлмира Айтбаева.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



Автокөлік егесінің пәтер есігі қағылса да, ешкім арғы жақтан жауап берген жоқ.

«Түрлі органдарға хабарластық, ештеңе өзгермеді. Соңғы үмітіміз – баспасөз. Баспа бетінде жариялағанды жөн деп таптық. «Үмітсіз – шайтан» деген ғой, БАҚ-та жарияланғаннан кейін ұялар, бәлкім, беті қалың болмаса...» дейді көршілері.

Жалпы, осыған ұқсас жағдайлар Алматыда жиі орын алады. Тіпті «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегендей, үйлердің ауласында бейберекет тұрған көліктің көптігінен өрт болған жағдайда арнаулы автокөлік қауіпті тұсқа жете алмай пұшайман күй кешеді. Сол екі ортада өрт те өршелене түсіп, апаттың салдары орасан шығынға ұшыратып жүргені рас. Бұған не дерсіз, оқырман?..



ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ

АБАЙ КҮНІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Зиялы қауым өкілдері ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

10 тамыз күні Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 178 жыл толды. Ұлы тұлғаның атындағы мерекелік күн Алматыда айрықша аталып өтті. Қазақтың ұлы ойшылы, адамзат қазынасына қосқан асыл жауһары саналатын Абайдың рухани мұрасын зерделеп, есімін ұлықтау мақсатында бірқатар мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.

**Естай
БОЖАН**

Айтулы күндегі мерекелік шаралар Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды. Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин бастаған қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері, Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы Мейіржан Отыншиев бастаған мәдениет пен өнер қайраткерлері, қаланың лауазымды тұлғалары Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлы ақынның рухына тағзым етті.

Іс-шараның шымылдығын ашқан сөзінде Қазақстан Жазушылар одағы-

ның төрағасы Мереке Құлкенов былай деді:

«Мынау, ұлы тұлғаға арналған көркем туынды Абайдың 115 жылдығында қойылған еді. Осымен бірге Алматыға Абайдың рухы келіп қонды. Биыл бұған 63 жыл толған екен. Абай өзі Жидебайда туғанымен әр қазақ өз жерінде, Маңғыстауда, Талдықорғанда, Көкшетауда «Абай біздің ақынымыз» деп мақтан тұтады. Туған күнін дүбірлетіп тойлайды. Ол өз заманында алғаш рет халықты толғандыран қоғамдық және саяси өмірдің проблемаларын қозғады. Қоғамның қайшылығымен бірге замандастарының берекесіздігін, отарлық саясаттың зиянын сынай отырып, халыққа іш тартты. Елін озық мәдениетке қарай жетеледі».

Абай күніне орай ресми іс-шаралардың жайын сұрағанымызда, Алматы

қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев былай деді:

«Өздеріңіз білетіндей, айтулы мерекені Алматы жұртшылығы, жыл сайынғы дәстүріне сай, ескерткішке гүл шоғын қоядан бастап жатыр. Оған зиялы қауым өкілдері, қалалық мәслихаттың депутаттары, мәдениет және қоғам қайраткерлері де қатысуда. Айта кетері, ескерткішке гүл шоғын қоюмен басталған мереке орталық қалалық кітапханадағы үлкен «дөңгелек үстелге», одан кейін «Алатау» дәстүрлі өнер театрындағы мерекелік концертке ұласады». Сонымен қатар, Ғани Майлыбаев Абай шығармаларына, рухани мұраларына арналған концерттік шараның қала тұрғындары үшін тегін екенін де ескертті.

Ескерткішке гүл шоқтарын қоюмен басталған ресми шаралардың сериясы орталық қалалық кітапханадағы талқы отырысына ұласты. А.П.Чехов атындағы кітапханада Алматы Кітапханалары және Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының аналар кеңесі бірлесе отырып мазмұнды отырыс өткізді. Мәдени іс-шара Абай шығармаларын, рухани мұрасын

зерттеу, жас ұрпаққа Абай танымы мен гуманистік идеяларын сіңіруді басты мақсат еткен.

Алматы Кітапханалары бірлестігінің жалпы мәселелер және цифрландыру жөніндегі директорының орынбасары Жандос Жамбылұлы мен ақын, Абай шығармаларын орыс тіліне аударған белгілі аудармашы Бақытжан Қанапиянов талқы отырысының шымылдығын ашты. Олар Абай күні ұлы тұлғаның рухани мұрасына деген халқымыздың үлкен құрметі екенін, соған қоса адамзаттың ортақ мұңына бойлаған ақын шығармаларының қай тіл, қай ұлтқа болсын жат еместігін сөз етті.

Шарада ұлы тұлғаның шығармашылығын арқау еткен жас жеткіншектер өз өнерін көрсетті. Жас өнерпаздардың мерекелік қойылымдары шараның мәдени бояуын аша түсті.

Айта кетейік, хакім Абайдың туған күні 2020 жылдың 5 тамызындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен мерекелік күнтізбелерінің қатарына кірген болатын. Содан бері 10 тамыз республиканың әр өңірінде ресми аталып өтілуде.

ДӘРІС

«АБАЙ МЕН АХМЕТ АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК»

Алматы қаласы Музейлер бірлестігіне қарасты Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде Абай Құнанбайұлының дүниеге келген күніне орай, «Қазақтың бас ақыны – Абай» атты танымдық дәріс өтті. Рухани іс-шараға зиялы қауым, өнерпаздар және музей мамандары қатысты.

Мәдени кешке келген меймандар іс-шара басталмас бұрын алдымен Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жәдігерлерімен танысты. Экскурсовод Манатжан Аширов аталған музей-үйдің тыныс-тіршілігін әсерлі әңгімелеп берді. Ал негізгі танымдық дәрістің шымылдығын Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің өкілі Қайрат Сағынғалиұлы ашып берді. Сосын тізгінін музей-үйінің бөлім меңгерушісі, ақын Әділет Ахметұлы алды. Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған орта мектеп-интернатының түлегі, жас өнер-



паз Абзал Жаңабай Шөкәрімнің «Бұл ән басқа әннен өзгереді» әнін орындап, мерейлі кештің салтанатын асырды.

Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі, ахметтанушы

ғалым Райхан Сахыбекқызы «Абай мен Ахмет арасындағы үндестік» атты танымдық дәріс оқыды. Онда Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары шығарған «Қазақ» газеті көтер-

ген жүктің маңызы мен ұлт тағдырының ісіне келгенде арыстардың жұдырықтай жұмыла білгенін, «Қазақтың бас ақыны – Абай» атты тұрақты тіркеске айналған ұлы сөзге Абай даналығы

мен парасатын тең сыйдырған Ахметтің сұңғылалығын ерекше атап өтті.

Белгілі күйші, Алтай, Іле, Тарбағатай күйшілік мектебінің өкілі, Қазақстан күйшілер одағының мүшесі Саркытбай Қалиұлы күйшілік мектептің бірнешеуін қамтып күйлер орындап берді. Профессор, музей-үйдің ғылыми қызметкері Светлана Смағұлова хакім Абайдың қайраткерлік қырымен таныстырды. Ал Ә.Ахметұлы өзінің хакім Абай рухына арнап жазған «Жалғыз» атты өлеңін оқыды.

Ұлт ұстазының мектебін көруге арнайы келген Жетісай қаласы Б.Момышұлы атындағы мектептің оқушылары да, ағайынды Ахылбек Ислам мен Назым да Абай өлеңдерін жатқа оқып, көпшілікті сүйіндірді. Осынау іс-шарада Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар музейінің ғылыми қызметкері Раушан Айболқызы Абай домбырасының тарихымен таныстырды. Сондай-ақ, Ахмет домбырасының табылу тарихы туралы сөз қозғаған Райхан Сахыбекқызының танымдық әңгімесін де жастар ұйып тындады.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖӘДІГЕР

МҮСІНДЕР «СӨЙЛЕЙДІ»

Мүсін – ең ежелгі өнерлердің бірі. Мүсін (скульптура) латынның «sculpere» – «қашау» деген сөзінен шыққан. Әр өнер айналамыздағы құбылыстарды төңірегіміздегі дүниені өзінше бейнелеп, өзінше түсіндіреді. Мәселен, суретші ойын мың сан бояумен жеткізеді. Ал мүсін шебері ойына алған туындысын тастан, мәрмәрдан қашайды, ағаштан ояды немесе қоладан құйып, гипстен де жасап шығарады.

ТҰСАУКЕСЕР

Біздің мегаполисте орналасқан Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде түрлі ой, көзқарасты, адамның жан-дүниесін, өмірін, тіршілігін бейнелейтін мүсіндер жинақталған. Тасқа да, темірге де, ағашқа да жан бітірген туындылар ерекшелігімен сізді еріксіз баурап алады. Олар сізге әр кезеңді «әңгімелеп» береді.

Сәл шегініс. Аталмыш іргелі музейдегі мүсіндер коллекциясы сонау 50-жылдарда жатыр. Қазақстандағы алғашқы мүсіндер көрмесі 1957 жылы маусым айында Суретшілер үйінде өткен екен. Онда Суретшілер одағының тарихында алғаш рет республикадағы мүсіншілердің эскиздері мен аяқталған жұмыстары қойылыпты. Бірегей көрмеге 12 мүсінші қатысып, бас-аяғы 60-тан аса туынды қойылған. «Көрмеге аға буын мүсіншілерден Я.К.Кучис, И.Николишин, З.Береговая қатысты, қалғандары көрмеге тұңғыш рет қатысып тұрған тым жас, таяуда ғана жоғары оқу орындары мен училище бітірген жастар болатын, олар – Х.Наурызбаев, Ю.Дорошев, Н.Журавлев, Б.Пенкин, П.Усачев, Г.Фурман еді. Мүсіншілер ұжымы көрмеге бірлесіп қатысуға графика суретшісі Р.Великанованы шақырды. Ол өзінің 16 суреті мен акварельдік жұмыстарын қойды. Бұл көрме белгілі бір деңгейде алда болатын аса зор оқиға – Мәскеуде 1958 жылы желтоқсан айында өтетін әдебиет пен өнер онкүндігінің қарсаңындағы Қазақстандағы жас мүсін өнерінің байқауы іспеттес болды», – дейді Галина Сырлыбаева мүсіндер коллекциясы туралы жазбасында. Сол жылы Мәскеуде өткен көрмені Қазақстандағы мүсін өнерінің тұсаукесері деп те бағалайды мамандар.

ТҰҢҒЫШ КӨРМЕ

Ал 1986 жылы қазан айында болған көрме «І республикалық мүсіншілер көрмесі» деген ресми атау алады. Ол еліміздің 1970–1980 жылдардағы мүсіншілерінің туындыларын өнерді сүйетін көрермендер алдына алып шықты. Осы кезде республикамыздың кейбір өңірінде (Алматы, Жамбыл) және бірқатар социалистік елдерде тастан мүсін қашаудан республикалық және халықаралық симпозиумдар өткен. Ал 1991 жылы Ә.Қастеев атындағы өнер музейі шыны пирамиданың астында республиканың барлық мүсіншісінің басын қосқан заманауи пластиканың үлкен экспозициясын ұйымдастырды. Оның құнды болғаны соншалық, көрермендер он жылдан аса уақыт бойы тамашалаған. «2003 жылы «Алма-Ата-арт» галереясы ұйымдастырған кең көлемдегі мүсін көрмесін Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуіріндегі құбылыстардың бірі деуге болады. Ол өз залдарында белсенді шығармашыл шеберлердің туындыларын көрсетті. Қастеев музейі мүсін туындыларын ұдайы жинақтай отырып, республика мүсіншілерінің үздік туындыларын бір жерге топтастырды. Сөйтіп, еліміздегі мүсін өнері мен неғұрлым көрнекті мүсіншілердің шығармашылығының бүкіл қалыптасу кезеңін көрсететін Қазақстан мүсіншінің қоры қалыптасты. Бұл бүгінде еліміздегі Қазақстанның заманауи мүсін өнерінің толық жинағы болып есептеледі», – дейді Галина Сырлыбаева.

1950 жылдары ұлттық мүсін өнерінің негізін салушылар Хакімжан Наурызбаев пен Бек Төлеков өз жұмыстарын бастайды. Олардың алғашқы жұмыстарынан бастап үздік туындылары мұражай қорында әлі күнге сақтаулы. Олар ұлттық мәдениетіміздің аса көрнекті өкілдерінің портреттер галереясын жасап, халық шаруашылығының әр саласындағы еңбек ерлерінің бейнесін сомдаған.

Хакімжан Наурызбаевтың «Құрманғазының портреті» (1957) тұрақты экспозицияда аталмыш мүсіншінің шығармашылығын асқақтатын, композиторға арнап жасалынған ең озық туындылардың бірінен саналады. Бек Төлековтың «Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, шопан Қуанышбаевтың портреті» де қазақстандық мүсін өнерінің классикасынан ойып тұрып орнын алған.



Т.Досмағамбетов, КСРО Халық артисі Б.Төлегенованың портреті, 1980.



И.Иткин, «Күліп отырған қария», 1957.

«ДАЛА ӘУЕНІ»

Мамандар 1960 жылдары мүсін өнері қанатын кеңге жая түскенін айтады. Енді жастар да тыңнан түрен сала бастайды. Мүсін өнерінің биігіне Б.Әбішев, М.Әйнеков, А.Андрущенко, Р.Ахметов, С.Балдано, Т.Досмағамбетов, В.Колотилина, Е.Мергенов, О.Прокопьева, М.Рапопорт, В.Рахманов, Е.Сергебаев, А.Татарин, А.Ядринцев сынды суретшілер көтеріле бастайды. Олар қола, мәрмәр, граниттерге жан бітіріп, шамот, алюминий секілді жаңа материалдарды қолданысқа енгізе бастайды. Егер содан он жылдай бұрын мүсін өнеріндегі жетекші жанр портрет, яғни бюст, жартылай тұлғалар болса, енді жанрлық құрылымы көкжиегін кеңейтіп, өзгеше кеңістіктегі шешімдерге бара бастайды.

Төлеген Досмағамбетовтің «Олжас Сүлейменовтің портреті», «Хабаршы», «Шоқан Уәлиханов», «Ақын Сара», Ескен Сергебаевтың «1941», Михаил Рапопорттың «Қайықта», Ольга Прокопьеваның «Фигаро рөліндегі Е.Сергебаевтың портреті», Р.Ахметовтің «Қалыңдық» пен «Талтүсі» жалпы сымбат өнерінің дамуына да үлкен ықпал жасады.

Бертін келе, музей экспозициялары 1980–1990 жылдардан жұмыс істей бастаған



Р.Ахметов, «Қымыз құю», 1982.



А.Исаев, «Қақпашы», 1959.



Н.Андреев, «Қой қырқып жатқан әйел», 1899.



Ж.Нөгербек, «Жайлау», 2016.

Суреттерді түсірген автор.

А.Есенбаев, Н.Далбай, Е.Мелдебеков, Ш.Төлеш, Ө.Шанов, Э.Казарян сынды дарынды мүсіншілердің туындыларымен толыға түсті.

Ал дәл қазір мүсіндер коллекциясымен танысқысы келетін көрермендер музейге бара қалса, жас мүсіншілер Қазыбек Дулатовтың «Дала әуені» мен Жанна Нөгербектің «Жайлауының» жанында ұзақ аялдауы сөзсіз. Себебі, бұл туындылардың айтар ойы, мазмұны, композициялық шешімі де өзекті, әрі құнды, өміршен.

ТЕМІРГЕ ДЕ ЖАН БІТІРГЕН

Қастеев музейінің төрінен орын алған «Қақпашы», «Отырған әйел», «Қой қырқып жатқан әйел», «Азамат соғысына шығарып салу», «Пысықай», «Май сығу», «Қымыз құю», «Көрілік», «Моншадағы бала» деп аталатын мүсіндерге де үніле қарасаңыз, әрқайсысында ой, сезім, мінез, көркемдік шешім бар. Ең бастысы, қоланы, металды, шамотты, гипсті қалай шебер «сөйлеткен» деп таңқаласыз. Тіпті қоладан мүсінделген адамдардың үстіндегі киімінің әр қыртысына дейін шебер берілгенін көргенде, осынау жанкешті өнердің шыңына шыққан шын дарынға бас иесіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Лаура ӘБІЛДАЕВА, Ә.Қастеев атындағы өнер музейінің ғылыми қызметкері:

ТАБИҒАТТЫҢ БІР БӨЛШЕГІМІЗ

Жанна Нөгербектің қола, пластик және шыныдан жасалған «Жайлау» деп аталатын шығармасына көрермендер біраз аялдап тұратыны бар. Бұл мүсіндік композиция кеңістікте жазықтық шыны бетінде атқа мінген шопан мен бір-біріне тығыз сомдалған бір отар қойдың бейнелерінен тұрады. Туындының жалпы формасы тау бейнесіне ұқсайды. Автор осы арқылы көшпенділердің табиғатпен тығыз байланысын көрсеткен. Қола шығармада шопан қарияның артында екпіндей қараған немересі отыр. Автор ұрпақтар сабақтастығын, үлкенді құрметпен, жастарға қамқорлық көрсетудің маңыздылығы жайлы ой қозғайды. Композиция қозғалысы бір ағымда орналасқан. Қазақ халқы тұрмысында төрт түлік мал үлкен орын алады. Мал ішсе – сусын, жесе – тамақ, кісе – киім. Тау баурайында, кең жазық далада гасырлар бойы жайылымда жүрген жайлаудағы отар қойлар қазіргі күнге дейін бар. Жанна Нөгербек бұл туындыда қазақ өмірінің бір үзіндісін көрсету арқылы жалпы көшпенділердің салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерін күрделі композициялық шешімде, терең мазмұнда баяндайды. Суреткер осы композицияның басты кейіпкері «шопан» бейнесін қазақ халқының өмірі мен мәдениетінде ерекше орны бар екенін жеткізеді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА,
журналист.





ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ЗАҢ КЕҢЕСІ»
жобасының
тұсаукесері өтті

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы өз жұмысын бастайды. Бұл жоба аясында қала тұрғындарына заңдық көмек көрсететін орталық құрылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде бірыңғай тұрақты телефон нөмірі бар «жедел желі» жұмысы іске қосылады.

Орталыққа келушілерге заң мәселелері бойынша ақпараттық консультациялар беріледі. Қаладағы барлық аудандарда жылжымалы мобильді заң қызметтері ұйымдастырылады. Азаматтарға заңдық құжаттар (арыз, талап, өтініш және т.б.) дайындауда әдістемелік көмектер көрсетіледі.

Сонымен қатар, zankomek.kz сайты құрылып, «Онлайн кеңесші» интерактивті модульдерінің көмегімен сайтта мемлекеттік және орыс тілдерінде консультациялар жүргізіледі. Ол арқылы тұрғындар сұрақтар қойып, заңгерлерден жауап ала алады.

— Заңгерлік көмек көрсету аса қажетті әрі жақсы іс. Сол мақсатпен азаматтарға құқықтық жағынан жәрдемдесу әрқашан маңызды. Құқықтық сауаттылық артса, іс оңеді, — деді заңгер Бейбіт Молдахметұлы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЛАДЫ

Алматыда Jas Almaty акциясы іске қосылады

Мейрамханалар, кафелер, дүкендер мен демалыс орындары Халықаралық Жастар күніне орай 14 пен 35 жас аралығындағы адамдарға арнайы жеңілдіктер ұсынады. Акцияны Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы, Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының, Алматы қаласы туризм басқармасының, Алматы қаласы еріктілер фронт-офисінің, Жастар ресурстық орталықтары мен «Атамекен» ҰКП, Көк-Төбе, Шымбұлақ ТШК және СОО қолдауымен ұйымдастырды.

Мәселен, Jas Almaty акциясы аясында 12 тамыз сағат 10.00–00.00-ге дейін «Көк-Төбе» фуникулерлерімен жүруге 14 жастан 35 жасқа дейінгі адамдар үшін 20% жеңілдік беріледі. 14 тамыз сағат 09.00–12.00 аралығында Шымбұлақ ТШК-да фуникулерлермен тегін жол жүру ұсынылады. Сонымен қатар, жастар күнінде, 12 тамыз барлық ниет білдірушілер Алматының танымал қонақүйлеріндегі: Park Hotel Almaty және SHERA Inn Hotel нөмірлерінің стандартты құнынан 15% жеңілдікті пайдалана алады.

Сондай-ақ, 11–13 тамызда осындай жеңілдіктер қолданылады: Kex Group-та белсенді жастарға арналған тегін тамақтану сертификаттарына, Anticafe моно-жастарға 50% жеңілдік. Unity Cybersport, Epic Cybersport, Angels Coffee, Mon cruassan, ЖШС Karina – жастарға 10% жеңілдік. The Legion Fitness – 11–13 тамыздан бастап абонемент сатып алу кезінде жастарға 15% жеңілдік, Орбита кафе – 15% жеңілдік, Sales жеткізу қызметі – фулфимет, 1 ай мерзімге Жастар тауарларын сақтау, Sunshine jewelry boutique белсенді жастарға 25% сертификат береді, Niko.kz – жастарға 5% жеңілдік, Bauyrdaq,



kz – белсенді жастарға арналған 25% сертификаттар, Antica.kz – белсенді жастарға арналған 10% сертификаттар, 20% жеңілдіктерді Oqyрман alevi, Oasis books, Qazyna, Ummastore, Alexandrina, Euphoria, Red Bull және KitarAl ұсынады. Сондай-ақ, VR орталығында балалар үйіндегі балалар мен жастарға арналған тегін сессиялар өтеді.

Алматының сауда-ойын-сауық орталықтарында 12 тамызда жастарға арналған мына акциялар жұмыс істейді:

Atakent Mall COO-да келесі жеңілдіктер ұсынылады: Defacto, Kari, Pizza Italiano, Mr. Burger, Sushi & Rolls, Istanbul «1+1» акциясы жұмыс істейді, Flo – жазғы тауарға 70%, Rich Family Gloria Jeans – аяқкиімге 20%, Gloria Jeans – мектеп формасына 30% және киімге 80%, Intertop – белгілі бір тауарға 90%-ға дейін, «Детский мир» – мектеп формасына 30%.

Sputnik Mall COO-да жеңілдікпен жастар кафелер мен кофеханаларда тамақтана алады: robo COFFEE – американо, капучино және latte кофелеріне 20% жеңілдік, Coffee Shake – барлық ассортиментке 15%, Suntea – да 5000 теңгеге сатып алған кезде,

БРИФИНГ

РУХАНИЯТ ШАМШЫРАҒЫ
Абай мұрасы рухани жаңғырудың қайнар көзі

Еліміз бойынша 10 тамыз күні қазақтың ұлы ақыны, философы және ағартушысы Абай күні атап өтілді. Осынау айтулы күні Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты профессорларының қатысуымен хакім Абайдың мұраларының маңыздылығы мен тәрбиелік мәні тұрғысында брифинг өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының қауымдастырылған профессоры, саяси ғылымдар кандидаты Төрегелді Тұяқбай Абай Құнанбаевтың қазақ жазба әдебиетінің негізін салудағы орны мен бүгінгі таңдағы алып отырған орны туралы әңгімеледі.

— Абай феномені оның әмбебаптығында жатыр, ол тек көрнекті ақын ғана емес, сонымен қатар прозаның да шебері болды. Абай Құнанбаев – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлем тәнті болған тұлға. Оның өлмес шығармалары баршамамыздың өмірімізде маңызды орын алады. Мен осынау атаулы күннің жыл сайын және әлемдік деңгейде атап өтілетініне сенімдімін. Бұған себеп, шетелде Абай шығармашылығы мен мұрасын насихаттау жөніндегі жұмыс осыдан бірнеше жыл бұрын басталып кеткен болатын. Сондай-ақ, елімізде жыл сайын Абай күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізіліп жатыр. Атап айтқанда, Абай ғылыми-зерттеу институты халықаралық ғылыми конференция өткізуді жоспарлап отыр, — деді Т.Тұяқбай.

Сонымен қатар, Абай күніне арналған іс-шаралар жыл сайын Қазақстанның шетелдердегі елшіліктерінде де тұрақты өтеді. Оның шығармалары жақын және алыс шетелдерде басылып, бүгінде әлемнің 100-ден астам тіліне аударылып отыр.



Өз кезегінде сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының профессоры, филология ғылымының кандидаты Ләйлә Мысалы 2020 жылы Қазақ халқының көрнекті ақыны мен ойшылының 175 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде ЮНЕСКО қамқорлығымен атап өтілгенін еске салды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай Құнанбаевқа арналған «Абай – рухани реформатор» атты және ақынның 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақалалары жарық көрген еді. Абай идеяларының өзектілігі бұрынғыдан да айшықталып, қазіргі заманда басты бағдарымызға айналып отыр. Жалпы, Абайдың сөзі мен ілімі жас ұрпақтың санасына сіңіп, тәрбие жұмысында басылық қағидатқа айналуға тиіс. Сонда ғана біз кезінде Абай армандаған рухани бай, толыққанды адамды тәрбиелей аламыз. Өскелең ұрпақ үшін данышпан тұлғаның құнды және бірегей мұрасын насихаттау бәріміз үшін ортақ міндет, — деп атап өтті ол.

Сондай-ақ, ғалым өз сөзінде 2009 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан ашылған Абай институты мамандарының «Абайтану». Таңдаулы еңбектері» атты 50 томдық еңбекті дайындап, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай осы еңбек негізінде «Абайтану антологиясы» атты кітаптың жарық көргенін жеткізді.

ФЕСТИВАЛЬ

Алматыда шығармашылық қабілетті дамыту, мансаптық өсуге жәрдемдесу, бағыттардың алуан түрлілігін қолдау және білім берудің қолжетімділігін арттыру мақсатында тегін курстар бойынша жобалық кеңсе және NEET жастарға арналған қалалық мансап орталығы Халықаралық білім беру корпорациясы негізінде фестиваль өткізді.

ҚОЛДАУ АРТЫП
КЕЛЕДІ

Қаланың ең көп сұранысқа ие жұмыс берушілері студенттер мен түлектерге өз компаниялары мен мүмкіндіктерін ұсынады. Тәжірибелі мамандар өздерінің кәсіби шеберліктерінің құпияларын ашып, практикалық шеберлік сыныптар өткізді.

Тегін курстарда оқыған студенттер өздерінің жарқын шығармашылық жұмыстары мен жетістіктерін көрсетеді. Ақпараттық стендтер мен презентациялар жастарға қолжетімді тегін курстардың кең ауқымын көрсетті.

— Біз UMP жанынан университеттерді, колледждерді және ірі компанияларды біріктіретін Қысқа мерзімді білім беру орталығын құрдық. Университетте теориялық база, колледжде зертхана, студентті тәжірибеден өтуге жетекшілік ететін тәлімгердің компаниясы қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде үш айлық тәжірибеге бағытталған оқудан өткен жас маман мамандық алады, — деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мемдіғалиев.

Бетті дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӨМІР-ӨНЕГЕ

Мен Бақытжан Тұрсынұлын 1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Механика және қолданбалы математика факультетіне оқуға түскеннен бері білемін. Факультетіміздің комсомол комитетінің хатшысы болатын. Барлық студенттер Бақытжан Тұрсынұлын жастар көшбасшысы ретінде құрметтейтін. Ол кезде студенттік дербестік жоғары деңгейде болды, көптеген мәселелерді жастар ұйымы өзі шешетін. Бақытжан Тұрсынұлының осынау көшбасшылық қасиеттері ҚР ҰИА президенті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ҚР Білім және ғылым министрі қызметін атқарған жылдары да биік деңгейде көрінді және бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.



КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ҒЫЛЫМ ЖАНАШЫРЫ

Академик Б.Т.Жұмағұловтың тұлғалық рөлін бір мақаламен ғана ашу өте қиын. Бақытжан Тұрсынұлы – сан қырлы тұлға, аса көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері. Бүгінгі тұсауы кесіліп отырған кітаптарда ол туралы, оның ғылыми, мемлекеттік және қоғамдық қызметі туралы жақсы жазылған.

Бақытжан Тұрсынұлының осындай 70 жылдық мерейлі жасына мақала жазу мен үшін үлкен мәртебе. Мен өз мақаламда математикалық терминмен айтқанда, Бақытжан Тұрсынұлының ғылыми, мемлекеттік және қоғамдық қызметіндегі жетістіктерінің локальды максимумдарына қысқаша тоқталып, жеткізгім келеді.

Гуманитарлық саладағы әріптестеріміз ғылыми тақырып ретінде көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттейді. Бұл бағыт жаратылыстану ғалымдары арасында толық дамымаған, сондықтан келешекте көрнекті ғалым Бақытжан Тұрсынұлының ғылыми еңбектерін, шығармашылығын насихаттау, атқарған мемлекеттік және қоғамдық қызметтерін зерттеп, жүйелеу жас ғалымдардың еңбектерінен өз орнын алуы тиіс.

Бүкіл әлемде университет туралы айтқанда, осы оқу орнында оқыған немесе жұмыс істеген көрнекті ғалымдар туралы айтады. Мен 2009 жылы Цукуба университетіне (Жапония) барған кезде бірінші проректоры өз университетін бір ғана сөйлеммен таныстырды. «Біздің университетте үш Нобель сыйлығының лауреаты жұмыс істеді, ал Олимпиада чемпиондарының саны есімде жоқ» деді.

Ғалымның ұлылығын, көрнектілігін ғылыми еңбектерінің құндылығы анықтайды, сондықтан мен сөзімді ғылыммен бастап, ғылыммен аяқтағым келеді.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев еліміздің жаңғыруы мен инновациялық дамуының негізгі буыны ретінде ғылым мен білімге дұрыс баға беріп, білім мен ғылымның стратегиялық рөлін терең түсінеді. Қазір «Ғылыми-техникалық саясат туралы» заң жобасы талқылануда. Бұл заң 2011 жылы Бақытжан Тұрсынұлы ҚР Білім және ғылым министрі қызметін атқарған кезде қабылданған «Ғылым туралы» Заңның логикалық жалғасы болуы тиіс.

Неге деген сұрақ туындайды?

Құрметті ғалымдар! Естеріңізге түсірсеңіздер, бүгін талқыланып жатқан жаңа заң жобасы сияқты қолданыстағы «Ғылым туралы» Заңның жобасы 2008 жылдан бастап 2011 жылға дейін өте ұзақ талқыланып еді. Алғашында сындарлы ұсыныстар болған жоқ. Ескі құқықтық актілерге косметикалық, бояма түзетулер ұсынылды, барлық ұсыныстар ғылымды басқарудың қалыптасып қалған үлгісіне жақын болды.

Бақытжан Тұрсынұлы 2009 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры қызметін атқарып жүргенде, өзінің көп жылғы тәжірибесіне сүйеніп, ғылымды басқару саласындағы барлық жұмыстарды логикалық жүйелі түрге келтіретін, түбегейлі жаңа идеологиялық базаны тұжырымдады. Ол жылдары мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры қызметінде едім. Бақытжан Тұрсынұлы менімен ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудағы жаңа көзқарастарымен бөлісті. Шынымды айтсам, маған бәрі бірден түсінікті бола қойған жоқ. Ол өзінің ғылымды дамыту, басқару туралы мүлдем жаңа идеяларын сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасарымен талқылады.

2010 жылы ол Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болып тағайындалғанда бұл мәселе пісіп-жетіліп, пікірталастар басылып, ғылымды басқару жүйесінің түбегейлі жаңа үлгісін іс жүзінде енгізу міндеті тұрды. Ғылым саласында жаңаша жұмыс істеу үшін, ең алдымен, заңнамалық шарттар мен механизмдерді қамтамасыз ету қажет болды. Үш айдың ішінде Бақытжан Тұрсынұлы министр ретінде адам сенгісіз іс атқарды. Ең іргелі жаңалықтар белгіленген заң жобасы дайындалды. Бақытжан Тұрсынұлы шешуші қадам жасап, ықтимал тәуекелдерді өз мойнына алды. Ол ұсынған жаңа әдістеме ең негізгі екі мәселені шешуге негізделген.

Бірінші (қаржылық) ескі жүйені бұзып, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды қаржыландырудың жаңа жүйесін құрды. Олар гранттық қаржыландыру (ГҚ), бағдарламалық мақсатты қаржыландыру (БМК) және базалық қаржыландыру (БҚ).

Екінші (ұйымдастырушылық) – ғалымдардың әкімшілік, бюрократиялық құрылымдарға толық тәуелділік жүйесін

бұзды. Бұл үшін жаңа институционалдық элемент – қазақстандық және шетелдік ғалымдарды қамтитын ұлттық ғылыми кеңестерге (ҰҒК) ерекше орын берілді. Енді мемлекеттік органдардың одан әрі жүзеге асыруы үшін жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру бойынша түпкілікті шешімді ғалымдар өздері қабылдайтын болды. Бұл Қазақстан ғылымының тарихында бұрын-соңды болмаған жаңа қадам еді. Жобалар мен бағдарламаларды объективті тәуелсіз кәсіби бағалауды қамтамасыз ететін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (ҰМТСО) құрылды. Енді бұл жаңа механизм ғалымдарды бүкіл вертикаль бойынша шешім қабылдауға қатысатын және әкімшілік вертикальға тәуелсіз басты тұлғаға айналдырды. Осылайша Бақытжан Тұрсынұлы ғылымды басқару жүйесін демократияландыруда, оның кәсіби деңгейін арттыруда шешуші әрі табысты қадам жасады.

Көп жылғы тәжірибе көрсеткендей, ғылым үшін өте қолайсыз «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы ғылыми зерттеулерге жүрмейтін болды, жаңа Заңнан алынып тасталды.

Өте қысқа мерзімде 2011 жылдың 18 ақпанында «Ғылым туралы» жаңа Заң қабылданды. Құқықтық базаны түбегейлі жаңғырту жүргізіліп, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енді жаңа міндеттер аясында біздің барлық ғылыми ұйымдарымызды зерттеу мен жариялылықтың халықаралық деңгейіне шығару мақсаты қойылды. Бүгінгі күні ғалымдар осы Заңның арқасында айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр.

Бақытжан Тұрсынұлы 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап тәуекелге бел буып, ғылыми дәрежелер мен атақтардың жаңа жүйесіне түпкілікті көшті.

Жаңа заңда PhD дәрежесімен қатар Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылауды ұйымдастыру комитеті беретін ассоциированный профессор (доцент) және профессор деген екі жаңа ғылыми атақ енгізілді. Бақытжан Тұрсынұлы болашақта ғылым докторы дәрежесін қорғау және бекітуді жоспарлап еді, бірақ бұл ұсыныс бүгінгі күнге дейін өзінің логикалық жалғасын таба алмай келеді.

Енді білім берудегі Бақытжан Тұрсынұлы атқарған келелі істерге тоқталсақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың басшылығымен білім беру жүйесінің жағдайына терең талдау жүргізіліп, Тәуелсіз Қазақстанда білім беруді дамыту стратегияларын жүзеге асырудың тарихи үш кезеңі анықталды. Объективті көрсеткіштер ретінде тәуелсіз халықаралық бағалаулар таңдалды. Қазақстандық стратегияларды халықаралық озық тәжірибемен салыстыру біздің әлемдік деңгейге қалай жақындап келе жатқанымызды айқындап берді. Сол жылдары еліміз ЮНЕСКО-ның тізімінде білім беруді дамыту индексі бойынша жоғары орындарды иеленді, оқушыларымыз халықаралық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Министрліктің барлық осы бағыттағы жұмысының нәтижелері Б.Т.Жұмағұловтың үш томдық «Адами фактор» кітабында баяндалған. Бірқатар қызметтерде қол жеткізген үлкен жетістіктермен қатар толық шешімін таппаған мәселелер де болды. Мен олардың кейбіреулеріне ғана тоқталғым келеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында жеке сектордың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметтерін көрсетуге қатысуын ынталандыратын жүйелі кеңейту жүргізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамалық базаны қалыптастыруға, мектепке дейінгі ұйымдардың құрылысын жоспарлау мен қаржыландыруға, оларды пайдалануға беруді үйлестіруге тиімді атсалысты.

Бүкіл білім беру жүйесінің негізі болып табылатын орта білім беру жүйесінде мектептегі білім сапасын арттыру бағытында байыпты шаралар қолға алынды. Мектептердегі педагогикалық кадрлардың сапасы мен білім деңгейінің жеткіліксіздігі атап өтілді. Оған себеп – мұғалімнің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі. Дәл осы мәселемен Бақытжан Тұрсынұлы үздіксіз айналысып, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тұрғанда «Педагог мәртебесі туралы» заңды қабылдады.

Білім беру жүйесін талдаудан тағы бір мәселе – білім

сапасын бақылау мәселесі туындады. Министр Б.Т.Жұмағұлов заманауи талаптар мен тенденцияларға жауап беретін білім беру сапасын бақылаудың жаңа жүйесін қалыптастырды. Министрліктің өкілеттігін кеңейту үшін барлық облыстарда білім беру саласындағы сапаны бақылау департаменттері құрылды. Мұндай қадамға бару үшін ерік-жігер мен табандылық, қоғамды сендіре білу керек еді. Министр Б.Т.Жұмағұловтың барлық қызметін халық өте жоғары бағалап, «Елдің бас ұстазы» деп таныды. Ол – Қазақстан тарихында осынау жоғары ұлттық атақты иеленген еліміздің оқу-ағарту саласындағы көшбасшы, бірегей тұлғаның бірі!

Бақытжан Тұрсынұлы Ө.А.Жолдасбековпен бірге еліміздің тарихында тұңғыш Инженерлік академияны құрып, оның құрылымын, мақсаттары мен міндеттерін анықтады. Қазақстандағы инженерлік ғылымның болашағын және Инженерлік академияның әлемдік қауымдастықта ғылыми-техникалық прогресті интеграциялаудың рөлін көтерді.

Міне, 30 жылдан бері Бақытжан Тұрсынұлы ҚР ҰИА президенті қызметін атқарып келеді. Ол өзін дарынды ұйымдастырушы және басшы, өте жігерлі тұлға, осы жылдар ішінде академияда сәтті жүзеге асырылған идеялардың генераторы ретінде көрсетті. Бүгінгі таңда ҚР ҰИА ондаған ғылыми-технологиялық бағдарламаларды және жүздеген ғылыми жобаларды орындап отырған Қазақстандағы ең ірі және ең ықпалды ғылыми ұйым болып табылады.

ҚР ҰИА бүгінгі таңда шетелдердің инженерлік академияларымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Биыл Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі өзгерді. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы – ең жоғары ғылыми ұйым, ғылымдымыздың негізгі орталық штабы, сондықтан да оның төңірегіне топтасуымыз керек.

Бақытжан Тұрсынұлы өзінің терең біліміне, алғырлығына, табандылығына сүйеніп өте күрделі тақырып XX ғасырдың проблемасы Навье-Стокс теңдеулер жүйесін шешуді өзіне ғылыми тақырып ретінде таңдады. Навье-Стокс теңдеулері шешімінің бар болуы және тегістігі проблемасы үстіміздегі мыңжылдықтың да жеті проблемасының бірі. Бақытжан Тұрсынұлы Навье-Стокс теңдеулерін компьютерде сандық шешуге арналған тиімді алгоритмдер жасады, олардың қисындылығын қатаң математикалық тұрғыдан дәлелдеді.

Осы салада 15 ғылым докторы мен кандидатын дайындады, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды.

Бақытжан Тұрсынұлының ғылыми бағытының қолданбалы бөлігі мұнай өндіру процестерін математикалық модельдеу бойынша зерттеулермен байланысты. Ол Дарси, Бакей-Леверетт, Маскет-Левереттін жалпыға белгілі үлгілерімен қатар Навье-Стокс және Жуковский үлгілерін, сондай-ақ процестерді реттеу мен мұнай өндіру болжамдарын оңтайландырудың бірқатар жаңа үлгілерін егжей-тегжейлі зерттеді. Ол алғаш рет модельдерге классификация жасады және қарастырған модельдерге терең математикалық талдау жасады. Бақытжан Тұрсынұлының докторлық диссертациясы Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің Гидродинамика институтында (Новосибирск) орындалды. Ғылыми кеңесшілері Ресей Ғылым академиясының академигі В.Н.Монахов пен профессор Ш.С.Смағұлов болды.

Б.Т.Жұмағұловтың ғылыми жетістіктерінің маңызы жоғары бағаланды. 1994 жылы Б.Т.Жұмағұлов және оның әріптестері «Сұйықтық пен газ динамикасын сандық модельдеу. Теория және есептеу эксперименті» жұмыстарының циклы үшін ғылым, техника және білім саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

Мұнай-газ өнеркәсібіндегі математикалық модельдеу мәселелері, осы саладағы технологиялық процестерді басқарудың ақпараттық жүйелерін құру кейінгі жылдары Б.Т.Жұмағұловтың іргелі ғылыми зерттеулерінің объектісі болды. Осы ғылыми нәтижелердің барлығы Б.Т.Жұмағұлов пен В.Н.Монаховтың «Мұнай өндірудің гидродинамикасы» атты монографиясында жинақталған. Жалпы редакциясын Ресей Ғылым академиясының академигі Р.И.Нығматулин басқарған монография 2001 жылы жарық көрді. Бұл кітап тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шетелдерде де есептеу және жерасты гидродинамикасының мәселелерімен айналысатын мамандар мен ғалымдар үшін өте құнды анықтамалық кітап болды. Әлемнің мұнай компаниялары ғылыми нәтижелерге және ИСАР ақпараттық жүйесіне қызығушылық танытып, AgipKCO компаниясының қаражаты есебінен «The Fluid dynamics of oil production» Elsevier (Нидерланды) баспасында 2013 жылы ағылшын тілінде қайта басылып шықты.

Сонғы жылдары ғалымдар ғылыми нәтижелерін импакт-факторы жоғары халықаралық базаларға кіретін журналдарға шығарып келеді. Бұл бағытта да Бақытжан Тұрсынұлының мақалары жарық көруде. Атап айтсақ осы жылы жалған аймақтар әдісін дамытуға арналған мақаласы Web of science базасына кіретін, квартилі Q1 «Applied and Computational Mathematics» журналында шықты.

Бүгінгі Бақытжан Тұрсынұлының туған күнінде, мерейлі 70 жастың белесіне көтерілген тұста оның жеткен жетістіктерін қанша айтсақ та орынды. Халқымызда «Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын!» – дейді. Сондықтан барлығымыз ерекше құрметтейтін Академиямыздың аса құрметті президенті, аса көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Бақытжан Тұрсынұлының елімізге жасаған еңбегін, көптеген адамдарға жасаған жақсылығын айту парыз.

Нұрлан ТЕМІРБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық инженерлік академиясының
вице-президенті.



ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

КЕНЕН НЕГЕ КЕЙІДІ?

Алашқа аты мәшһүр Кенен Әзірбаев тағылымы

Табиғи таланты мен дарынының арқасында елге кеңінен танымал болып, атақ-даңққа бөленген кісілердің басынан да талай қызықты оқиғалар өткен. Сондай оқиғалардың кейбірі қазір, тіпті, күлкі тудыратыны да рас...

Кемел шақ

1955 жылдың басында аты алты Алашқа мәшһүр болған халық ақыны, әнші, сазгер Кенен Әзірбаев күтпеген хат алады. Бүкіл қазақ даласына бозторғайын ұшырып, бар қазаққа ән салдырған Кененнің әбден кемеліне келген шағы еді. Жасы жетпістен асса да, жиырма бестегі жігіттей, ән-жырлары қыз-бозбаланың сезімін қытықтап, делебесін қоздырады. Қордай асуларын ат артына өңгеріп, Алатаудың арғы-бергі басын түгендеп жүрген уақыттың бірі болатын.

Ақ сақалы кеудесін жапқан сұңғақ бойлы сері жанға ұстазы Жамбыл сыйлаған әппақ ақ шапан қона кеткен. Ақбоз аттың үстінде ақ шапан жамылған ақсақал алыстан одан сайын әуақтанып көрінеді. «Базарым-ай, Назарым-ай» деп зар еңіреп, тоғыз баладан айырылған заман артта қалған. Күн сайын атқан ақ таң тек қана қуаныш әкеп жүрді. Қайда барса, қасынан кішкентай Төрткенін тастамайтын. Басқа ұл-қыздары – Бақытжан, Ақтамақ, Ақбілектердей емес, Төрткен Кенекеннің кішкентай қолғанаты еді.

Атамның қасынан шықпай, шамам жеткенше өлендерін жазып беріп, оқып беріп жүруші едім. Атқа мінсе, артына мінгесіп, машинаға мінсе, жанына жармасып отырып алатынмын. Қайда барса, сонда ере барып, өлең-жырларын өз аузынан естіп, жаттап алып жүріп өстім, – деп еске алды Кенекен қасынан тастамай ертіп жүрген қызы Төрткен апай.

Халық ақынының мерейі үстем еді. Кең далада сайран салып өскен ақсақал іргедегі Алматының өзіне ретсіз келе бермейтін. Қайта Алматыдағы алыптардың өздері арнайы ат басын бұрып, Кенекене сәлем бере баратын. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Композиторлар одағына жиі барып тұратын кішкентай Төрткен ол кезде астанадағы №12 мектепте оқитын. Кенен ақсақалдың көзі де, сөзі де кішкентай Төрткен болды.

Ескіше сауат ашқан Кенен Әзірбаев ән-жырларын да хатқа ескіше түсіретін. Алматыдағы ақын-жазушыларға хат жазар



болса, қызы Төрткен көмек беріп жүрді. Көмек деудің өзі аз, Төрткен атасының кәдімгі хатшысына айналған еді.

– Балалардың үлкені мен болдым да, 1-сыныпта оқып, әріп танып, хат жаза бастағаннан бастап-ақ, атам өзі араб қаріптерімен жазған өлең-жырларын қазіргі қаріптерге айналдыртып, маған қайта жаздыратын. Біреулерге хат жазатын болса да, маған жаздыратын. Мен атақты ақын Тайыр Жароковқа, белгілі жазушы Сәбит Мұқановқа атамның атынан талай хат жазғанмын, бәрі есімде. Атам Жазушылар одағының, Композиторлар одағының мүшесі еді ғой, соған төлейтін жарналарын әкеліп төлеп, екі ортада байланысшы қызметін атқардым. Шығармашылық ұйымдарының айтқанын атама, атамның хат-хабарларын осында жеткізіп жүрдім, – деп тебіренеді Төрткен Кененқызы.

Қалмұхан Исабай «оқушыға» хат жазған

Сол 1955 жылдың басында жетпісті алқымдаған ақсақалға бір жапырақ хат келеді. Арқалы ақынның көңіл күйі нілдей бұзылып сала берді. Алайда, талайда көрген тарлан сезімге бой алдырған жоқ. Хатты жазған жас журналист Қалмұхан Исабай болатын.

1955 жыл – Қалмұхан әскерден келген жыл. Тарих бедерінде Ұлы Отан соғысы деген атпен із қалдырған екінші Дүниежүзілік соғысындағы жеңістен кейінгі он жылын

тағы да әскерде өткізген, Алманияда он жыл бойы комендатура басқарған қазаққа Алматы бейтаныс болатын. Не тамыр, не таныс, не аға, не іні жоқ. Ұрысқа дейін 9-сыныпты ғана бітірген Қалмұхан араға он жыл салып орта білім алып шығады. Университетке сырттай оқуға түскен жас жігіт «Социалистік Қазақстан» газетіне қызметке тұрған.

Оны газетке әкелген Алманияда жүріп неміс антифашистері жайында жазған дүниелері болатын. Негізгі себебі, әйтеуір, қаламға деген жақындығы. Шаруашылықтың ешбір саласынан хабары жоқ Қалмұхан Исабаев алғашқы екі іссапардан да бос қайтады. Не жазарын, қалай жазарын білмеген. Содан газет басшылары жиналысқа салуға мәжбүр болған. Жас жігітке бұл жолы да Серік Қирабаев ара түседі.

– Редактор тұрып: «Осы жас жігіттен жақсы журналист шығаратын болсаң, өзіңнің бөліміңе қызметке алшы, көрейік» деді. Ол әдебиет бөлімі болатын. Қалай дегенде де, басқа бөлімдерден гөрі әдебиет бөлімі жақындау еді маған да. Содан әдеби қызметкер болып жұмыс істеп жүрдім, бастығым – Серік Қирабаев. Мұндағы менің міндетім – редакцияға ағылып келіп жататын хаттарға жауап жазып отыру. Бұл бөлімге өлең көп түседі екен және бәріне жуығы мектеп дәптерінің парағына жазылған балалардан келіп жатады. Солардың бәріне жауап жазып жатам ылғи, – дейді аздап жымынып қойған Қалмұхан аға.

Ол кезде өмір балаларды ерте есейтетін. Арманшыл жастардың жаңалыққа жаны құмар. Газет-журналды жата-жастанып

оқиды. Жүректерін жыр тербеп, көңіл күйлерін хатқа түсіріп жүруді әдетке айналдырады. Жазғандарын тықпалап, жасырмайды да. Сол кездегі санаулы газет-журналдардың редакцияларына ағылып келіп жатады. Солардың көбі 10-сыныпты он екі жылдан кейін оқыған Қалмұхан Исабайдың да қолына тиеді.

70-тегі Кененді 7-сынып оқушысы деп қалған

Мектеп дәптерінің парақтарына жазылған өлең-жырлар бұл редакцияға да аз түспейтін. Олардың қайсыбірі де назардан тыс қалған емес. Әрбіріне ерекше көңіл бөлініп, көпшілігіне жауап қайтарылады. Халық ақыны Кенен Әзірбаевтан келген хат солардың бірі болып шыққан.

– «Сен ақын болайын деп тұр екенсің, бірақ әлі жетіле қойған жоқсың. Өзіңнің жастығыңдай, мынау поэзия да әлі жас. Бұны жетілдіру үшін сен Қалижан Бекхожинды оқы, Хамит Ерғалиевты оқы, Дихан Әбіловті оқы, Ғали Ормановты оқы» деп, баяғы өзіме келетін хаттардың ізімен жауап жазып, астына қолымды қойып, жібере беретінмін. Содан бір күні редакторымыз – Қасым Шәріпов шақырып алды. «Исабаев жолдас, мына өлеңдерге сіз жауап бересіз бе?» деді маған. «Иә, мен жауап беремін» дедім таңдана. «Мына бір хатқа да сіз жауап бердіңіз бе?» деп бір хатты қолыма ұстатты. Қарасам, «К.Әзірбаев жолдасқа» деп жазып-пын да, баяғы тізімдерді атап, «осыларды оқысаң, сен ақын болайын деп тұрсың, осыларды оқы, хабарын жібер» деп жазыпшын да, қолымды қойыппын, – деді есіне түсіріп Қалмұхан Исабай.

Бұрын газетте істеп көрмеген, тәжірибе жоқ. Күн сайын ағыла келіп жататын хаттарға үлгеріп жауап жазудың өзі оңай емес. «Кенен Әзірбаев» деп келген өлеңдер оқушы қолымен мектеп дәптерінің парағына жазылған соң, қайдан білсін. Соғыста жүріп, Жамбылдан басқаны естімеген, өнер мен әдебиет есігінен енді сығалап жүрген кез. Кененді білмегені үшін башшылар жұмыстан шығармақ болған. Алайда, бұл жолы да Серік Қирабаевты тыңдағанды жөн көреді. Жетпіс-тегі Кененді 7-сынып оқушысы деп қалған Қалмұхан Исабай бүгінде елге белгілі қаламгер болған...

Сөз зергерлері үйінде талай болды

Сол шақ өзі бір жылымық жылдар еді. Саяси қуғын-сүргін көргендердің алды ақтала бастаған. Ақын-жазушыларымыздың да етік-жеңі кеңіп, марқайып жүрген кезі. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор боп, бірін-бірі іздеп жүреді. Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ғали Орманов, Мұхтар Әуезов, Тайыр Жароков сияқты сөз зергерлері Кенекеннің үйіне талай барған.

– Бір күні Тайыр Жароков ағамыз келді үйге. «Атам сізді шақырып жатыр» деп жазыпты, бұл қай балаңыз жазып жүрген?» деді. Атам: «Мына Төрткен деген қызым, хаттың бәрін осы жазады», – деді. «Ой, айналайын, өзің болайын деп тұрған бала екенсің. Тілің жатық, ойың анық екен», – деп, қос қолымен мені аспанға көтерді. Мен кәдімгідей қуанып, көңілім тасып, атамның хат жаз деген жерінің бәріне хат жаза беретінмін. Сол газетке барған хатты да мен жазған болуым керек, өзі бір күлкі тудыратын әңгіме, – деді бұл қызықты оқиға туралы Төрткен апай.

Ұлы адамдар кең болып келеді. Өзіне ақыл-кеңес берген хатты алғанда, Кенекен де, кім біледі, күлген шығар. Редакцияға қайта жіберген хатында «Мынау не шатып отыр?» деген бір ауыз ғана сөз жазыпты.



Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.





«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
 Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР БАҒЫТЫ ӨЗГЕРЕДІ

12 тамыз сағат 23.00-ден 14 тамыз сағат 07.00-ге дейін әл-Фараби даңғылы Дулати даңғылынан Асқаров көшесіне дейінгі бөлігінде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Осыған байланысты келесі маршруттардың сызбасына 13 тамыз күні уақытша өзгерістер енгізіледі.

ДӘЛІРЕК:

№34 – солтүтік бағытта – «А/С Арман» КП-дан басталуы – Жароков к-сі – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№86 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – К/П-ны «Арман А/С» аялдама пунктіне көшіру; шығыс бағытта – «Арман А/С» К/П-дан басталуы – әл-Фараби даңғ. – әрі қарай схема бойынша;

№28 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – әрі қарай схема бойынша; Оңтүстік бағытта – «Біржан к-сі» КП – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – одан әрі схема бойынша;

№67 – оңтүстік бағытта – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№135 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; оңтүстік бағытта – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша;

№32 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша;

№103 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№63 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – одан әрі схема бойынша; Шығыс бағытта – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – одан әрі схема бойынша;

№119 – оңтүстік бағытта – Мұстафин к-сі – Торайғыров к-сі – Саин к-сі – Асқаров к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№38 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Саин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Шығыс бағытта – өзгеріссіз;

№15 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№98 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Саин к-сі – Рысқұлбеков к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Шығыс бағытта – Рысқұлбеков к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша;

№121 – оңтүстік бағытта – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғылы – Розабакиев к-сі – әл-Фараби даңғылы – одан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№211 – оңтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің қызметкері Ақмөр Молдақұловаға аяулы анасы

Асылхан АСАНБАЕВАНЫҢ

өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

КОНКУРС

«Алматы қаласы қалалық Мобильділік басқармасы» КММ Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов көшесі, 84/54, тел.: 396-88-01 мекенжайы бойынша орналасқан Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры лауазымының бос орнына конкурс жариялайды

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты метрополитенді пайдалану (күтіп ұстау, дамыту), Алматы қаласы метрополитенінде жолаушылар мен багажды тасымалдау, метрополитенді пайдаланушы ұйымның функцияларын орындау, құрылысты ұйымдастыру, техникалық қадағалау және ҚР заңымен тыйым салынбаған метрополитен қызметінің өзге де түрлерін орындау болып табылады.

КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- Тиісті мамандығы және кәсіби даярлық деңгейі бойынша жоғары білім: көлік; көлік техникасы; көлік тоннельдері; көлікпен тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару; теміржол көлігімен тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару; теміржолдағы жылжымалы құраммен жұмыс; теміржолдағы жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету; теміржолдағы электр жүйелерін электрмен қамтамасыз ету, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу; теміржолды салу, жол және жол шаруашылығы; азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс; тау-кен жұмыстарын электрлендіру және автоматтандыру; пайдалы қазындылар кеніштерін жерасты өндіру; маркшейдерлік іс; экономика; қаржы; есеп және аудит; құқықтану; мемлекеттік және жергілікті басқару.
- Мамандығы бойынша экономика саласындағы кәсіпорынның профиліне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған түйіндеме;
3. еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5. еңбек кітапшасының көшірмесі;
6. денсаулық жағдайы туралы анықтама (075 нысаны);

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың, ғылыми жарияланымдардың көшірмелері, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.) қосымша ақпарат бере алады.

Көрсетілген құжаттар хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов көшесі, 84/54, 201-каб. мекенжайы бойынша «Алматы қаласы қалалық Мобильділік басқармасына» ұсынылуы тиіс. Анықтама алу телефондары: 396-88-01, + 7 701 759 65 41.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
 тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
 тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
 тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
 тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
 тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
 тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
 тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
 тел: 293-08-12.
 e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
 e-mail: dalemesh@vecher.kz
 тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Саымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
 +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqqparat@mail.ru
 Мекенжайымыз:
 Индекс: 050022.
 Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛҒАҒЫШЫ!

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Айналаға қарасаңыз, ерсілі-қарсылы жүйткіген көліктер, оның ішіндегі адамдарда да сан жоқ. Білесіз бе, автобус үстінде де өмір бар ғой. Қоғамдық көлікте келе жатып талай адамды көресіз, кей қылықтарына күліп аласыз, жымиясыз. Ыңылдап ән де саласыз, арасында мұңаясыз, тіпті «аяғымды басып кеттің» деп әлдекімге ренжисіз.



БАЛА

Үйіме жеткізетін жалғыз автобуска кірдім. Мені көрген 4-5 жастағы ұл бала:

– Сізге орын берейін бе? – деді елп етіп. Зерек, сергек сондай! Жап-жарық бала! Қарсысында 4-5 айлық баламен анасы отыр екен. Маған қарап жымиды, ұлы үшін қуанғаны.

– Жоо, отыра бер, балам, аяғың ауырады ғой, – дедім риза кейіппен. Шын мәнінде, қатты шаршап келе жатқанмын. Бірақ балдырғанның бір ауыз сөзі жанымға шуақ болып құйылды.

Баламысың деген, әлгі балдырған шешесіне бірдеңелерді айтып, бөпесін күлдіріп, одан көзін тартып алып терезеден ескен жамал желге бетін төсеп, сосын бір сәт бетін қайта-қайта сүйе берген күнмен ойнап кетті.

Ал әріректе құлаққап таққан, кепка киген екі бозбала отыр, менен көзін көлегейлеп...

ҰЛ

Күні бойы табанымнан тозып, бір шаруалармен көп жүріп, шаршап отырған едім. Автобуста. Бағдаршам түбіндегі, ақ жаулықты анасының шалғайындағы әлденені қаққылап, тазалап жатқан отыздар шамасындағы ұлды көріп, сүйсінгенім-ай! Жаным жадырап сала берді. Керемет көрініс енді ол! Оны тек көзбен көру керек.

Екеуі жетектесіп, ауылдан келгендері көрініп тұр. Қала көшесінде жүрмін деп сіресіп тұрған ұл жоқ, еңкейіп алып шешесінің етегіне тиген әлденені алақанымен қаққылап жатыр, қаққыштап жатыр.

Баласы жақсы адамдар ешқашан қартаймайды!

АПА

Автобус кілт тоқтады. Іштегі жолаушылар түгел алға қарай ошарыла еңкейіп, қайта тіктеліп алдық. Орта жолдан қол көтерген біреуге тоқтады-ау. Айқара ашылған есіктің алдына кеп таяған 50-лердегі әйел:

– Болсаңшы, тез, күтіп қалды ғой! – дейді сырттағы біреуге. «Сырттағы біреу» – 80-ге таяп қалған, таяққа сүйенген апа екен, анасы болар, ұқсастық бар.

– Ойбуу, мына аяғы құрғыр бастырмайды ғой сол, – деп, жолаушыларды күттіріп қойдым ба дегендей ыңғайсызданып кіріп келеді автобустың тепкішегінен көтеріліп әлгі апа.

Терезеге көз салып отыр. Талғар тауларына сүйсініп:

– Мынау таудың етегінде тұрар ме еді, шіркін! – деп қояды. – Бұл жақта су бар ма, су жоқ деп естіп едім?

– Бар ғой, апа. Су болмаса осынша халық тұра ма, үйлердің қарасаңыз, кілең қоттедж, – деймін.

Құлағында ай сырғасы күнге шағылыса жарқ еткен апа:

– Е-е, дұрыс айтасың. Тіршілік жақсы ғой деймін. Алма, алмұрт ағаштары көп деп естимін, – деп бір қойды. Бір кезде автобусымыз кілт тоқтап, кідіріңкіреп қалды.

– Не боп қалды екен? – деп жолаушы апамыз жүзін терезеден бері бұрып, алға қарай көз тастады.



Тас жолда бес аппақ қаз кетіп барады екен, мойындарын пандана көтеріп алған, екі бүйіріне кезек-кезек шайқатыла аударылып, аяқтарын маң-маң басып асығар емес. Лезде кептеліс жасап үлгеріпті өздері.

– Жүрістерін қара, асықпайды өздері! – деп балаша күліп қойды апа.

Қонаққа келе жатқан сияқты. Үстіндегі қамзолының түсі мен басына тартқан орамалының жиегінде өрнек бір-бірімен әсем үйлесіп тұр. Қамзолының қапсырмасы да күн көзімен шағылысып жалт-жұлт етеді. Талғампаз кісі екен. Балалары да жақсы болып тұр-ау! Әдемі болу деген осы.

ТӘРБИЕ

65-автобуста. Ер адам мен одан жастау әйел бір-біріне «сіз отырыңыз», «жооқ, сіз отырыңыз» деді де қалды. Ақыры ер кісі отырды. Желке тұсынан естіп отырмын әңгімелерін.

– Қыздарға білдіре қоймаушы едім, аяғымның ауыратынын, «годы берут свое», – деді еркек.

– Қазіргі жастарда ұят жоқ. Құлағына «наушникін» тығып алып, бетіңе бажырайып бір қарап қойып отыра беретін болған. Сана да, тәрбие де жоқ, – деді әйел.

– Вот, дұрыс айтасыз. Тәрбие жоқ, үлкенге орын беруді білмейді. Мектепте соны үйретпейді. Қайда қарап отыр сонда мектеп?! – деді еркек.

Екі-үш аялдамадан кейін әлгі әйелмен қоштасып, бала тәрбиесін мектепке артып қойып кетіп бара жатқан еркекті көріп қалайын деп, артыма бұрылып қарадым. Үстіне джинсы куртка, джинсы киген сықиян еркек, қолында қолшатыр. Екі-үш аялдамаға бола неге отырды өзі ендеше, әйел затына орын бермей?!

ДЖЕНТЛЬМЕН

Жас ерлі-зайыпты мінді. Күйеуі әйеліне:

– Сен төлей салшы, менде тиын жоқ, – деп қабағын түксіте әрірек өте берді.

Бір аялдамадан соң кәрі орыс еркек кемпірін қолтығынан сүйеп кіргізді автобуска. Бос орынға отырғызып болып, өзі күртешесінің төсқалтасынан екі «Онайды» шығарып, бірінен соң бірін терминалға «бипілдетіп» басты да, екеуін қайтадан төсқалтасына салып, кнопкасын сырт еткізіп жауып, ары қарай маңғаздана өте берді. Джентльмендік жас-кәріге қарамайды!



БАҚЫТ

Ұрттап алған жігіт ағасы:

– Мынау апаға орын бермейсің бе? – деді қарсы алдында телефон шұқылап отырған көзілдірікті келіншекке.

– Ішімдегі сегіз айлық баламды қайда отырғызады екем сонда?! – деді басын телефоннан жұлып алған жас әйел.

Ойбуу, жүктілік – ауырлық па екен, ол бақыт қой! Басқа бір келіншек болса:

– Аға, ренжімеңіз, аяғым ауыр еді, – дер ме еді ізет сақтап. Кім білсін.

ЖАҢБЫР

Жұмысқа жеткенше ұзақтау жүремін. Сондықтан отыратын орын іздедім.

Отыздан асқан жігіт пен қыз қатар отыр екен. Шашы бұйра қыз терезеге бетін бұрды, ал жып-жылтыр басына (әлде шекесіне) қап-қара көзілдірігін іліп қойған, көзінің шарасы үлкен жігіт маған қарады. Жүзі суық екен. Бірақ отыра берді.

Ұзақ жүрдік. Қыз түсуге ыңғайланды. Дүйім елдің көзінше екеуі сүйісіп қоштасты. Жігіт оны автобус терезесінен де ұзатып салды.

Сәлден соң шыртытай киінген, қап-қара киімдеріне алаудай қызыл кроссовки әдемі үйлесіп, түсіп бара жатқан, сұлулығы ішіне емес, сыртына ғана біткен жігітті мен де терезеден ұзатып салдым.

Таңғы жаңбыр сіркіреп тұр. Күн бұлтты. Денем тоназыды. Ертең жылылау киініп шығу керек екен. Күз ызғары бар. Әлгіндей адамдар да ызғарлы...

МЕЙІРБАН

Кезекті аялдамадан жүгі көп бір әйел автобуска міне алмай жатыр. Сүйрететін темір арбаға артып, бірнеше жерінен байлап қойған үлкен пакеті, 5 литрлік суы, қолына ұстаған бөлек тағы бір пакеті бар. Автобус жүріп кетіп қалып қоярмын дегендей жанталаса ентелей кіріп келе жатқандықтан есікке сыймай жатыр әлгі заттарымен. Жүргізуші күтіп тұр.

– Таң атпай құдалыққа шыққансыз ба, немене, мына жерді көшіріп жібердіңіз ғой, – деп әзілдеді орта жастардағы шопыр.

Салондағылар күліп жатыр. Әйел де еріксіз күліп жіберді.

Автобус жүйткіп келеді. Жүргізуші ойланып кетті ме екен, кезекті аялдамадан біраз өтіп барып кілт бұрылыс жасап тоқтады. Кейіндеу қалып қойған бір әйел ентіге жүгіріп жетіп, рахметін жаудырып жатыр.

– Көрдіңіз бе, мен сіз үшін маневр жасап барып тоқтадым ғой, – деді шопыр.

Неткен мейірбан жүргізуші!